

Жүзеге асырушы мекеме

Әріптес мекемелер




БОЛОВСРОЛ,  
СОЁЛ, ШИНЖЛЭХ УХААН,  
СПОРТЫН ЯАМ



ЗАСГИЙН ГАЗРЫН ХӨРӨГЖҮҮЛЭГЧ АГЕНТЛАГ  
ГЭР БҮЛ, ХҮҮХЭД,  
ЗАЛУУЧУУДЫН  
ХӨГЖЛИЙН ГАЗАР



Мектепке дейінгі  
білім беретін мекемелердің  
мұғалімдеріне арналған



# Кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру, қорғау білім, білігін үйрету тақырыбындағы оқыту модулі



**Global Fund for Women ұйымының қолдау  
қаржысымен қазақ тілінде басылды**



**Бұл оқыту модулін қазақ тілінде жарық көруіне сүбелі үлес қосқан  
“Баршамыз білім үшін!” азаматтық-қоғамдық ұлттық одағы  
ұжымына алғысымызды білдіреміз!**

Қысқарған атауларға түсініктеме:

БМҒСМ	Білім, Мәдениет, Ғылым, Спорт Министрлігі
ОБЖДБ	Отбасы, балалар мен жастарды дамыту басқармасы
ҰТЗО	Ұлттық травматологиялық зерттеу орталығы
ӘІБ	Әкімнің іс басқармасы
МоңӘҚ	Моңғолия әйелдер қоры
ММБУ	Моңғолияның Мемлекеттік Білім Университеті
ММ	Моңғол Мемлекеті
АББ	Астаналық білім басқармасы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ХҰ	Халықаралақ ұйым
МДБ	Мектепке дейінгі білім
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
ЖЖА	Жыныстық жұқпалы аурулар

Жүзеге асырушы мекеме



Әріптес мекемелер



БОЛОВСРОЛ,  
СОЁЛ, ШИНЖЛЭХ УХААН,  
СПОРТЫН ЯАМ



ЗАСГИЙН ГАЗРЫН ХӨРӨНЖӨӨЛӨГЧ АГЕНТЛАГ  
ГЭР БҮЛ, ХҮҮХЭД,  
ЗАЛУУЧУУДЫН  
ХӨГЖЛИЙН ГАЗАР



Мектепке дейінгі  
білім беретін мекемелердің  
мұғалімдеріне арналған

# Кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру, қорғау білім, білігін үйрету тақырыбындағы оқыту модулі

2020 жыл

# Б

ұл оқыту модулі халықаралық «Ананда» ұйымының қаржылық қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Кішкентай балаларға арналған зорлық-зомбылықсыз ортаны қолдау» жобасы аясында балаларды әлімжеттіктен қорғау, жамандықтың алдын алу жайында халық-көпшіліктің (бала, ата-ана, мұғалім) және барлық тараптан қатысушылардың білім, түсініктерін нығайту мақсатында әзірленді.

Сонымен қатар, бұл оқыту модулімен БМҒС министрлігіне қарасты Білім Институтының Ғылыми кеңесі танысып, сараптаған. Модуль қаржыгер мекеменің көзқарасын білдірмейді. Оқыту модулін бөлшектеп және тұтастай пайдаланатын жағдайда дереккөзін міндетті түрде көрсету қажет.

Модуль туралы талап-тілектер болса, төмендегі мекенжайға жолдауға болады:

Сүхбаатар ауданы, 6-ауылжай,  
Кіші айналым - 48-үй, 305-есік  
Улаанбаатар - 46А, П/Ж - 280  
Улаанбаатар Моңғол Мемлекеті

Электрондық мекенжайы:

mones@mongol.net

Телефон нөмірі:

+976 7711-9991

# 2

## реткі басылымы

Қазақ тіліне аударған:

Б.Ардақ, “Баршамыз білім үшін!” азаматтық-қоғамдық ұлттық одағы бөлімшесінің үйлестірушісі, философия ғылымдарының магистрі

Аударма редакторы:

Ж.Зұлмира, Білім институтының ғылыми қызметкері

Әзірлеген:

Б.Мөнхзаяа, астаналық Білім басқармасының мектепке дейінгі және бастауыш білім беретін мұғалімдердің дамуын жауаптанушы маман  
А.Амартүвшин, Улаанбаатар, №5 балабақша әдіскері  
Х.Даринчулуун, Улаанбаатар, №57 балабақша әдіскері  
Л.Бадамцэцэг, Отбасы және балалар мен жастарды қорғау басқармасының маманы  
Л.Ариунзул, Моңғолия Әйелдер қорының жоба үйлестірушісі

Кеңесшілер:

Н.Оюунбат, БМҒС министрлігінің МДББ-ге қатысты мазмұн, стандарт, бағдарламалар саясаты және оның жүзеге асырылуын жауаптанушы маман  
С.Болормаа, БМҒСМ-нің Балаларды дамыту, қалыптастыру, қорғау қызметінің қамтамасыздығы және құрал-жабдық, орта қауіпсіздігі саясатының жүзеге асырылуын жауаптанушы аға маман  
Д.Нонна, Моңғол Мемлекетіне Еңбек сіңірген ұстаз, МБУ-нің құрметті Профессоры  
П.Цэвээн, “Хүүхэд хамгааллын үндэсний сүлжээ” үкіметтік емес ұйымының үйлестірушісі, Балалар құқығы ұлттық орталығының төрайымы  
О.Гэрлээ, “Өөрчлөлтийн төлөө эмэгтэйчүүд” үкіметтік емес ұйымының үйлестірушісі, Жыныстық білімнің ұлттық сарапшысы  
Б.Эрдэнэчимэг, МОҢӘҚ-ның атқарушы директоры

Әріптестер:

Архангай аймағының №8 балабақша ұжымы  
Архангай аймағының Чулуут сұмынының балабақша ұжымы  
Баянхонгор аймағының №10 балабақша ұжымы  
Баянхонгор аймағының Богд сұмынының балабақша ұжымы  
Баянгол аудандық №114 балабақша ұжымы  
Баянзүрх аудандық №6 балабақша ұжымы  
Багануур аудандық №139 балабақша ұжымы  
Дорнод аймағының №12 балабақша ұжымы  
Дорнод аймағының Хөлөнбуйр сұмынының балабақша ұжымы  
Хан-Уул аудандық №28 балабақша ұжымы  
Сонгинохайрхан аудандық №117 балабақша ұжымы

Суретші:

Б.Гантулга



# АЛҒЫ СӨЗ

Моңғолия Әйелдер Қоры (МОҢӘҚ) - әйелдер құқығы бағытында іс-қызмет жүргізіп отырған үкіметтік емес ұйым, ол әйелдердің дамып, шыңдалуы үшін түрлі топтарға қаржылық қолдау көрсететін ҰЛТТЫҚ ТҮҢҒЫШ ҚОР болып табылады.

МОҢӘҚ 2000 жылы құрылған уақытынан бастап, қыздар мен әйелдердің құқығын қорғау, гендерлік әлімжеттіліктің алдын алу, одан қорғау мәселелерін іс-қызметінің басты бағыттарының бірі болдырып жұмыстап келеді.

Біз 2017 жылдан бастап халықаралық “Ананда” ұйымының қаржыландыруымен “Кішкентай балаларға зорлық-зомбылықсыз ортаны қолдау” жобасын үш жылдық мерзіммен Улаанбаатар қаласы, Архангай, Баянхонгор, Дорнод аймақтарының 11 балабақшасында жүзеге асырып отырмыз. Жоба аясында Білім, Мәдениет, Ғылым және Спорт Министрлігі, астаналық Білім Басқармасы, Отбасы және балалар мен жастарды дамыту басқармасы, Моңғолия Білім Университетінің Мектепке дейінгі білім беру мектебі, «Сүйкімді жүректер жорығы» («Хөөрхөн зүрхнүүдийн аян»), «Балаларды қорғаудың ұлттық желісі» («Хүүхэд хамгааллын үндэсний сүлжээ») қатарлы үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақта, бірлесе жұмыстап келеміз.

Кішкентай балаларды әлімжеттіктен қорғау, жамандықтың алдын алу жайында халық-көпшіліктің (бала, ата-ана, мұғалім) және көп тараптан қатысушылардың білім, түсініктерін нығайту мақсатында, мектепке дейінгі білім беретін мұғалімдерге арналған «Кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру, қорғау білім, білігін үйрету» атты 16 сағаттық оқыту модулін әзірлеп, сіздерге ұсынып отырмыз.

Бұл оқыту модулінде біз оқытушыларды адам құқығы, бала құқығы, балаларға қарсы зорлық-зомбылық туралы оқыту-семинар жүргізу әдістемесімен қамтамасыз ету және ата-аналар мен мұғалімдерге оң тәрбие тәсілдері туралы білім, түсінік берумен қатар, 4-5 жастағы балаларға кездесуі мүмкін зорлық-зомбылықтан өздерін қалай қорғауға болатындығы туралы оқыту әдістемесін таныстырып отырмыз. Модуль «Мектепке дейінгі білім берудің тірек бағдарламасымен» тығыз байланысты әзірленді және модуль балаға әлімжеттіліктен өзін-өзі қорғауға қатысты әртүрлі оқу құралдарын пайдаланатындығымен жаңа екендігін ерекше атап айтамыз.


Моңғолия Әйелдер Қоры үкіметтік емес ұйымдар мен балабақша әдіскерлерін, мұғалімдерді қатыстырып, қалалық, ауылдық 11 балабақшаға ұласпалы оқыту ұйымдастырып, сынақ жүргізу нәтижесінде, мұғалімдер мен арнайы мамандардың ой-пікірлерін ескеріп, оқыту модулін қайтадан жетілдіріп, толықтырып, екінші рет бастырып шығарды.

Біздің әзірлеген оқыту модуліміз кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру туралы білім беруде маңызды рөл атқарумен қатар, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларға зорлық-зомбылықсыз орта қалыптастыруға белгілі дәрежеде үлес қосатынына сеніміміз зор.

Барлық бала зорлық-зомбылықтан аулақ болсын!

Моңғолия Әйелдер Қоры

# Оқыту модулін қолдану үлгісі



Бұл оқыту модуліне: ата-ана\қамқоршыларға арналған 4 сағаттық, **4-5** жастағы балаларға арналған 4 сағаттық сабақ мазмұндары қамтылған. Әр сабақ сайын берілген тақырыптың мақсаты, күтілетін нәтиже, қалай үйрету әдістемесі\сағат бөлісі қамтылған бағдарлама, қажетті оқу құралдары қатарлылар анық көрсетілді. Сондықтан кез келген балабақша мұғалімі оқыту модулін оқи отырып, үлгі нұсқаулық бойынша оқытуды өз бетінше жүргізе беруіне толық мүмкіндік бар.

Бұл модуль бойынша, кішкентай балаларға оқыту жүргізбес бұрын, олардың ата-ана\қамқоршыларын оқытуға қамтып, оларға кішкентай балалармен зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты қалай әңгімелесіп, сөйлесудің жолдарын үйретіп, алдын ала дайындау маңызды.

А т а - а н а \ қ а м қ о р ш ы л а р ғ а арналған 4 сағаттық оқытуды бір жолда ұйымдастырғаннан гөрі, екі-екі сағаттан екі рет немесе бір-бір сағаттан төрт рет ұйымдастырған тиімді. Қолдарыңыздағы кітапта әрбір сабақ бағдарламасы сағат, минутына дейін бөлініп берілгендіктен, сіздер ата-ана\қамқоршылардың өзіндік ерекшеліктеріне, білім, біліктеріне сәйкестіріп, қалай ұйымдастыруға болатынына таңдау жасай аласыздар. Сонымен қатар, ата-ана\қамқоршылар төрт сағаттық оқытуға толық қатысқан жағдайда ғана, біртұтас, кешенді білім ала алатындығын ескерген жөн.

Кішкентай балаларға арналған 4 сағаттық сабақта 4 және 5 жастағы балаларға бірдей мазмұн берілгенімен, ойтүрткі, іс-әрекеттің бекіту кезеңі, үйретілетін ойындар әр жастың өз-өзінің ерекшелігіне сай, өзгеше әзірленді. Сондай-ақ, әр сабақтың әдістемесін, қажетті құрал-жабдықтарын өзгерту (мұғалім өзі толықтыруына болады)

арқылы, негізгі мазмұнды өзгертпей, қайтадан оқыту ұйымдастыруға болатындай мүмкіндік жасалған. ескерілді. Сондықтан да, мұғалім балалардың жас ерекшелігіне, оқытудың алғаш рет немесе қайталанып жүргізіліп жатқандығына қарай, қандай әдістеме, әдіс-тәсілдер қолдануға болатындығын өзі таңдауына мүмкіндік бар. Қайталап еске салсақ, балаларға арналған 4 сағаттық оқыту ұласпалы түрде ұйымдастырылғаннан кейін, кішкентай балалар өздеріне кездесуі мүмкін зорлық-зомбылықтардан қорғана алатындай білімді бола алады.

Әр сабақтың соңында «Мұғалімге арналған қосымша ақпараттар» деген бөлім бар, сол бөлімде берілген үйретілетін сабақ мазмұнын оқытуды ұйымдастырудан бұрын міндетті түрде оқып, танысып, өздеріңіздікі болдырып, жақсылап меңгеріп алыңыздар. Әрі қарай, әр сабақтың соңында «Кеңейтіп оқуға арналған қосымша материалдар» деген бөлім берілген. Онда аталмыш оқыту модуліне сыймаған басқадай қосымша, көмекші құралдар, кітап, оқулық, тағы басқа қатысты заңнамалар мен құқықтық құжаттар тізімі ұсынылған.

Оқыту модулінің тағы бір ерекшелігі оқытуда қолданылатын DVD бірге берілгендіктен, сіздер кітапты оқумен қатар, оқытуға қажетті қосымша материалдар мен үлгі бейнесабақтарды көре отырып, білімдеріңізді нығайтуға мүмкіндік жасалған.

Сіздер үйреткен әрбір оқытудан соң, бір баланың, бір жанұяның өмірінде оң өзгерістер болатындығына біз бек сенімдіміз. Сіздерге табыстар тілейміз.

Оқыту модулін әзірлеген топ

# ЖАСЫЛ КІТАП

Ата-аналар мен  
қамқоршыларға  
арналған оқыту  
мазмұны

# Ата-аналар мен қамқоршыларға арналған оқыту бағдарламасы

1:	2:	3:	4:
<b>Адам құқығы және бала құқығы</b>  <b>/60 минут/</b>	<b>Зорлық-зомбылықтың түрі, сипаты</b>  <b>/60 минут/</b>	<b>Бала тәрбиелеудің оң тәсілдері</b>  <b>/60 минут/</b>	<b>Кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың әдістемесі</b>  <b>/60 минут/</b>
«Жаңа ғаламшарға көшейік!» жаттығу	Әлімжеттілік неліктен жасалады? жаттығу	«Сіздің балаңыз жиырма бес жылдан кейін...» жаттығу	«Цэцэннің бауырлы болуы»
«Бала құқығын танып, білейік!» жаттығу	«Жіктеп, ажыратайық!» жаттығу	«Сіз қандай жағдайда балаңызға ашуланасыз?» жаттығу	«Никитаға кез болған жағдай» жаттығу
Бекіту & қорытындылау	Бекіту & қорытындылау	Бекіту & қорытындылау	Бекіту & қорытындылау

# САБАҚ 1:






## АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ БАЛА ҚҰҚЫҒЫ

### **Сабақтың мақсаты.**

Адам құқығы және бала құқығына қатысты жаттығу, талқылаулар жүргізу арқылы, қатысушыларға адам құқығы, бала құқығы жайлы тағам түсінік, негізгі білім беріледі.

### **Күтілетін нәтиже:**

- Қатысушылар адам құқығы, бала құқығы жайлы ұғым, түсінік алады.
- Адам құқығын құрметтеу, бала құқығын бұзбау туралы көзқарас қалыптастыруларына ықпал етеді.

№		Іс-әрекет	Уақыты	Оқыту формасы	Қажетті оқу құралдары, материалдар
1		Қажетті оқу құралдары, материалдар	<b>2 мин</b>	Еркін әңгімелесу, талқылау	
2		<p>Іс-әрекет 1.</p> <p>Бала құқығы туралы түсінік беру:</p> <p><b>«Жаңа ғаламшарға көшейік!» жаттығу</b></p>	<b>20 мин</b>	<p>Топпен орындайтын жаттығу;</p> <p>Талқылау, әңгімелесу;</p> <p>Бекіту;</p>	<p>- Құқық, қажеттілік, қалау - 20 карт</p> <p>- Тақта, тақта қағаз, тақта қаламы</p> <p>- Жапсырма (скоч)</p>
3		<p>Іс-әрекет 2.</p> <p><b>«Бала құқығын танып, білейік!» жаттығу</b></p>	<b>20 мин</b>	<p>Топпен орындайтын тапсырма;</p> <p>Еркін талқылау, әңгімелесу;</p>	
4		Бекіту	<b>3 мин</b>	<p>Қатысушылардың ой-пікір, лебіздері;</p> <p>Талқылау;</p>	Сабақты бекітуге арналған сұрақтар
5		Қорытынды	<b>5 мин</b>	Қатысым тәсілі	Сауалнама парағы

# ІС-ӘРЕКЕТ 1.

## “ЖАҢА ҒАЛАМШАРҒА КӨШЕЙІК!”

жаттығу: /20 минут/

Оқытушы оқытуға қатысушы мұғалім\ата-аналарды 4 топқа (қатысушылардың санына қарай төрттен көп немесе аз топқа бөлуге болады) бөліп, әр топқа 20 сөйлем жазылған карт (оқытуға арналған DVD-ден алдын ала карт топтамасын әзірлеп алу керек) үлестіріп береді.

- a) Топтарға әңгімелесе отырып, сөйлемдерді ҚАЖЕТТІЛІК; ҚАЛАУ; ҚҰҚЫҚ деген 3 топқа бөліп, үстелге орналастыру тапсырылады. Топтар төмендегі сұрақтар төңірегінде әңгімелеседі: «ҚАЖЕТТІЛІК», «ҚҰҚЫҚ», «ҚАЛАУ» дегендердің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі неде? Олар бір-бірінен несімен ажыратылады?
- b) Неліктен кейбір «қажеттілікті» құқық деп көріп, қорғайтын болған?
- c) Барлық бала осы құқықтарды иелене ала ма?
- d) Сіздердің ойларыңызша, балаға тағы қандай құқықтар қажет?

Әр топ жоғарыдағы сұрақтар бойынша өз пікірлерін таныстыруға әзірленеді.

<sup>1</sup> БҰҰ-ның БҚ-ның “Құқық, қалау & қажеттілік” оқытуының әдістемесі



### Оқытушы:

**Бәріміз жаңа ғаламшарға көшетін болдық деп елестетейік. Бірден барлығын жаңадан бастайтын болғандықтан, өмір сүруімізге, дамып, өркендеуімізге қажетті барлық дүниемізді алып кетуге әзірлейік!**

- Әр топқа белгілеу жасайтын 4 парақ беріп, 20 картқа кірмей қалған тағы қандай маңызды нәрсе барын жазу тапсырылады. Бір параққа бір ғана қажетті нәрсе жазылатындығы ескертіледі. Бұл ең маңызды деп ойлаған 4 нәрсеге дейін жазуға болатындығын көрсетеді.
- Оқытушы: *«Әукемесі капитанынан бұйрық келіпті. Біздің алып кеткелі отырған жүгіміз кеменің көтеретін салмағынан асып кеткендіктен, қажетті 24 заттың 15-ін ғана әкете алатын болдық»* - дейді. Әр топ алып кететін заттар тізімі жазылған 24 карттан 9-ын алып тастайды.
- Оқытушы: *«Біз жүгімізді қанша жеңілдетсек те, алып жүруге тиісті жүктің салмағы артық болғандықтан, жүктерімізді әлі де жеңілдетуіміз керек. Ол үшін ең маңызды 10 затымызды ғана алып жүруімізді кеме капитаны хабарлады»* - дейді. Топтар ақылдаса отырып, тағы да 5 картты алып тастайды.
- Соңында әр топтың ең маңызды деп алып қалған 10 картты бойынша талқылау жасалып, төмендегі сұрақтар қойылады:

- a** Ең алдымен қай картты алып тастау оңай болды? Неге?
- b** Екінші рет сұрыптау жасағанда, қайсысын алып тастау қиын болды? Неге?
- c** «ҚАЛАУ» мен «ҚАЖЕТТІЛІК» екеуінің айырмашылығы неде екен?
- d** Барлық адамның қалауы, қажеттілігі бірдей болды ма, әртүрлі болды ма? Әлде кім болғанына қарамастан, бірдей болды ма?
- e** Неліктен балаға «қажетті» кейбір нәрселер жоқ? Балаға қажетті осы нәрселерді қамтамасыз ету үшін біз не істей аламыз?

## ҚҰҚЫҚ/ҚАЖЕТТІЛІК

Жалпылық сипатқа ие, аса маңызды қажеттіліктер заңмен қорғалады, оны біз құқық деп түсінеміз.

## ҚАЛАУ/ ҚАЖЕТТІЛІК

### Жылы, қауіпсіз баспана

(Балалар құқығы туралы конвенция: 27-бап)

Түсініктеме:

- Бала дүниеге келген сәттен бастап, дене, ақыл-ой, наным-сенім, моральдық, әлеуметтік жағынан толыққанды дамуына мүмкіндік жасалған ортада өмір сүруге тиісті болғандықтан, тамақ, киім және қауіпсіз баспанамен қамтамасыз етілуге құқылы. Үкімет бұл құқықты жүзеге асыруға мүмкіндіктері жоқ отбасылар мен балаларға көмектесуге міндетті, өйткені осы Конвенцияға біріккен елдердің Үкімет орындарына мұны жүзеге асыру міндеттелген.

Ата-ана/қамқоршыларға баланы дені сау өсуіне қажетті қауіпсіз баспанамен қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Соңғы үлгідегі киім

### Аман-сау болу, денсаулығын сақтау, сырқатын емдету мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілу

(Балалар құқығы туралы конвенция: 24-бап)

Түсініктеме:

- Сапалы дәрігерлік көмек алу (дәрі-дәрмек, екпе, аурухана, денсаулық маманы тағы басқа). Мысалы: Үкімет орны 18 жасқа дейінгі балалардың денсаулығын қамсыздандыруын жауаптануға және балаларға дәрігерлік даяшылықты тегін көрсетуге міндетті. Сол себепті, бұл мәселелер заңдық-құқықтық құжаттарға енгізілген.

Ата-ана/қамқоршыларға баланы дүниеге келген сәттен бастап, қажетті иммунитеттендіру шараларына, дәрігерлік сараптамаларға қамтыту міндеті жүктеледі. дені сау өсуіне қажетті қауіпсіз баспанамен қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Велосипед

### Қатыгездік пен немқұрайлықтан қорғау

(Балалар құқығы туралы конвенция, 19-бап)

Үкімет баланы ата-аналар немесе басқа адамдар тарапынан болатын зорлық-зомбылықтың барлық түрінен, немқұрайлылық пен қиянат көрсетушіліктен қорғауы қажет, сондай-ақ, ересектерден қатыгездік көрген балаға көмектесуге міндетті.

Түсініктеме:

- Бала зорлық-зомбылыққа ұшыраса, Үкімет қорғауға міндетті. Мысалы: отбасы мүшелері тарапынан балаға қандайбір зорлық-зомбылық жасалып, өміріне қауіп төнсе, немқұрайлы қараса, Үкімет баланы отбасынан оқшаулап, өмірін сақтап қалуға міндетті. Сондай-ақ, баланың дәрекі қатынасу, немқұрайлы қарау сияқты әрекеттерден қорғалуын кепілдендіреді.

Ата-ана/қамқоршылары балаға мән бермей, немқұрайлы қарауға, зорлық-зомбылық көрсетуге болмайды, сонымен бірге, қандайбір әлімжеттік әрекеттен баланы қорғауға, бала тәрбиелеудің оң тәсілдерін қолдануға міндетті.

Саяхат құралдары

### Білім

(Балалар құқығы туралы конвенция, 28, 29-баптар)

Түсініктеме:

- Үкімет орны бала білім алатын сапалы құрылыс, ғимрат, оқуға қажетті құрал-жабдық, құрылғылармен қанымдау, балаға сапалы білім беру міндетін жүктейді.

Ата-ана/қамқоршылар балаларын мектепте оқытуға міндетті және балалары оқитын мектеп\балабақшаның іс-қызметіне қатысуға, қажетті оқу құралдарымен қанымдауға міндетті.

Өз бөлмесі

**ҚҰҚЫҚ/ҚАЖЕТТІЛІК****ҚАЛАУ/  
ҚАЖЕТТІЛІК****Алаламай, шеттетпей бірдей көру**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 2-бап)

Түсініктеме:

- Алаламау дегенді барлық адамды бірдей көруге, ешкімді шеттетпеуге мүмкіндік жасау деп түсіну қажет және Үкімет баланы қандайбір өзіндік ерекшелігінен болып (жынысы, денсаулығы, діни наным-сенімі, этностық азшылық тағы басқа) шеттетілуден қорғауға міндетті.

Ата-ана/қамқоршылар балаларын алалап, шеттетпеуге (мысалы: ұл баласын оқудан шығарып, малшы болдыру, қыз баласын жоғарғы оқу орындарында оқыту деген сияқты алалауға болмайды) және шеттетілуден қорғауға міндетті.

Теледидар,  
меншік  
компьютер

**Таза ауа**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 24-бап)

Түсініктеме:

- Үкімет қоршаған ортаны ластайтын жағдайларға, қауіп-қатерлерге назар аударуға, баланың толыққанды сау, салауатты, қауіпсіз ортада аман-есен өмір сүру құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-ана/қамқоршылары балаларының сау, қауіпсіз ортада өмір сүру құқығының жүзеге асырылуын, қамтамасыз етілуін Үкіметтен талап ете алады.

Жекеменшік  
стереомузыка

**Өз көзқарасын жеткізу, білдіру**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 12-бап)

Түсініктеме:

- Балаға қатысты шешімді үлкендер қабылдаған кезде, бала өзіне қатысты барлық мәселелер бойынша көзқарасын еркін білдіруге құқылы. Үлкендер балалардың пікіріне құлақ асулары қажет. Үкімет орны балалардың ынтымақтаса бірігулеріне, өз ой-пікірлерін білдіріп, үн қосуларына мүмкіндік жасауға міндетті.

Ата-ана/қамқоршылары балаларға қатысты мәселе бойынша шешім қабылдағанда (мәселен, басқа мектепке ауыстыратын болса, баланың пікірін сұрау), баланың пікірімен санасатындай мүмкіндік тудырады.

Өз қалауы  
бойынша  
жұмсайтын  
ақша

**Ойнау, көңіл көтеру**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 31-бап)

Түсініктеме:

- Үкімет орны балалардың демалу, бос уақыттарын тиімді өткізу, жас ерекшеліктеріне сай ойын-сауықтарға қатысу, мәдени, шығармашылық іс-шараларға еркін қатысу құқықтарымен келісіп, кепілдендіреді.

Ата-ана/қамқоршылары балаларының демалуға, бос уақыттарын тиімді өткізуге, өздерінің жас ерекшеліктеріне сай ойындармен ойнауға құқылы екендігімен келісіп, қауіпсіз ойын ортасымен қамтамасыз ету, уақытын бөліп бірге ойнау сияқтылармен баланың аталмыш құқығын қамтамасыз етеді.

Бургер,  
кокакола  
қатарлы дайын  
тағамдар

**Таза су**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 24-бап)

*Түсініктеме:*

- Үкімет гигиеналық көмек аясында таза ауыз сумен қанымдауға міндетті. Ата-ана/қамқоршылары таза ауыз су пайдалану, балалардың таза ауыз сумен қанымдалу құқықтарының қамтамасыз етілу, етілмеуіне бақылау жасап, қайшылық байқалған жағдайда, Үкіметтен аталмыш құқығының қорғалуын талап етеді.

**Туған тілін, мәдениетін, дінін үйрену, ұстану**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 30-бап)

*Түсініктеме:*

- Сол мемлекеттің азаматы ретінде басқа адамдармен бірдей екендігіне қарамастан, өз әулетінің дәстүр, салтын, дінін, тілін үйренуге, тұтынуға құқылы екендігін қорғап, қамтамасыз етуге міндетті.

Ата-ана/қамқоршылары балаларының туған тілдерінде сөйлеуіне, мәдениеті мен салт-дәстүрін үйренулеріне мүмкіндік жасауға, балаларының дінді ұстану, ұстанбау құқығын құрметтеуге міндетті.

**Құнарлы тамақ, азық-түлік**

(Балалар құқығы туралы конвенция: 34-бап)

*Түсініктеме:*

- Үкімет баланың денсаулығы, азық-түлігі, омырау сүтімен қоректенудің артықшылығы, гигиена, өмір сүру ортасының тазалығы, қауіп-қатерден алдын ала сақтандыру туралы ақпараттармен қоғамдық барлық таптарды, әсіресе, ата-аналар мен балаларды қамтамасыз етуге, сондай-ақ, бұл бағытта білімді, түсінікті болдыруға, таған білімдеріне негіздей отырып, көмек, қолдау көрсетуге міндетті.

Ата-ана/қамқоршылары балаларын сапалы, дұрыс, нәрлі, құнарлы азық-түлікпен қамтамасыз етуге міндетті.

**Жоғарыдағы 20 карттың 11-і - балалар құқығына байланысты карттар және олар төменде берілген балалар құқығының 4 топтамасы болып табылады.**

**Сау, қауіпсіз ортада өмір сүру құқығы**

Жылы, қауіпсіз баспана  
Құнарлы тамақ, азық-түлік  
Дәрігері даяшылық, қамқорлық  
Таза ауа  
Таза су

**Даму құқығы**

Білім алу  
Ойнау  
Өзінің тілін, мәдениетін, дінін үйрену/ұстану

**Қорғалу құқығы**

Немқұрайлылықтан, зорлық-зомбылықтан қорғалу  
Алаламай, шеттетпей бірдей көру

**Қатысу құқығы**

Көзқарасын білдіру мүмкіндігі

# Мұғалімнің беретін ақпараттары:

- Қажеттілік жауапкершілікті қажет етпейді. Ал құқық жауапкершілікпен бірге беріледі. Мысалы: Үкімет адам құқығын қорғауға және қамтамасыз етуге міндетті.
- Адам құқығы деген ұғым - адамға адам болып жаратылғаны үшін берілетін, қандайбір ерекшелігіне қарамастан, оның иеленуге тиісті еркі, бостандығы деген сөз. Адам құқығы адамның атақ-абыроймен, мағыналы өмір сүруінің ең бергі кішігірім қажеттіліктерінің, адамның адам болып өмір сүруінің негізі болып табылады.
- Адам құқығы алаланбайтын, ажырағысыз, бөлшектенбейтін, біртұтас, бір-біріне қатысты, барлық адамға жеткілікті, өзара байланысты болады.
- Барша адам ұлтына, руына, түріне, жынысына, тіліне, дініне, саяси көзқарасына, әлеуметтік тегіне, дәулетіне, денсаулығына және басқа жағдайларға байланысты шеттетілмей, құқыққа ие болуы адам құқығының мойындалған концепциясы болып табылады.

Адам құқығының принциптері <sup>2</sup>	Түсініктеме
Ажырағысыз	Адам құқығы барлық адамға дүниеге келген сәтінен бастап қызмет етеді. Адамның құқығын сол адамның өзінен бөліп алып қарастыруға болмайды. Адам құқығынан бас тартуға болмайды.
Жалпылық	Барлық адам қайда да, қашан да бірдей құқыққа ие. (Адамның белгілі бір құқықтарын шектеуге тура келетін жағдайлар туындауы мүмкін, мәселен, түрмеде отырған қылмыскердің қалаған жеріне қоныс аудару бостандығы деген сияқты)
Бөлінбейтін, яғни өзара сабақтас	Барлық құқықтар өзара сабақтас, тығыз байланысты әрі бір-біріне ықпалды. Егер бір құқық бұзылса, ол келесі бір құқыққа әсер етеді. Бір адамның құқығы қорғалып, қамтамасыз болу үшін, басқалардың құқығы бұзылуға тиісті емес.

## Қорытынды:

Әр адамның қадір-қасиеттері мен адами құндылықтарын құрметтеу үшін, адам құқықтарының барлығы бірдей маңызды, бірдей дәрежеде деп көруге тиістіміз.

# ІС-ӘРЕКЕТ 2.

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ТАНЫП, БІЛЕЙІК!

жаттығу: /20 минут/

### Оқытушы:

Біз адам құқығы туралы ұғым, түсінігімізді, білімімізді нығайттық. Енді балалардың құқығы жайында әңгімелесейік. Оқытушының қоятын сұрақтары:

#### **Бағыттаушы сұрақтар:**

- a *Неліктен балалардың құқығы туралы жеке алып сөйлесуге тиістіміз?*
- b *Балалардың қандай құқықтары бар?*
- c *Ата-ананың қандай міндеттері бар?*
- d *Балалардың құқықтарын атаңыз.*
- e *Үкіметтік ұйымдарға балалар құқығын қамтамасыз етуде қандай міндеттер жүктеледі?*

Оқытушы сұрақтарына жауап алғаннан кейін, балалар құқығы туралы тереңірек, жеттік біле түсу үшін, жаттығу орындатады.

### Нұсқау.

Оқытушы оқытуға қатысушы мұғалім, ата-аналарды 4 топқа бөліп, әр топқа балалардың аман-сау өмір сүру, дамып-жетілу, қорғалу, қоғам өміріне араласу қатарлы негізгі 4 құқық топтамасына қатысты сөйлемдерді әртүрлі өңді қағазға жазып, қатысушыларға таратып береді (Таратып беретін материалдар «Қосымша ақпараттар» бөлімінен алынады). 4 жерге балалар құқығының 4 топтамасы жазылып, орналастырылады. Топ жұмысы аяқталған соң, әр топтан бір қатысушы шығып, аталған мәселе неліктен аталмыш балалар құқығына қатысты екендігін түсіндіреді. Одан соң оқытушы топтардың жұмысын жинақтап, қорытындылайды. (Мұғалімдер өздері балабақша ортасына, балалар құқығына қатысты мәселелер қозғайтын мысал, деректерден кейс ретінде алып жұмыстаса, тіпті жақсы болады)

Үлестіріліп берілетін материалдардың мысалы:

**Бірінші топ:** 2017 жылы 298 бала тұрмыстық апатқа ұшыраған. Тұрмыстық апат салдарынан балалардың жарақаттану, мертігу, көз жұму оқиғалары жиі кездесуде, мәселен, балалардың тұрмыстық апат салдарынан дүниеден өтуінің 21% жол апаты, 16% күйю, 14% суға кету, 17% улану, 32% құлау, жығылу және басқа себептер иеленіп отыр. Мәселен, ҰТЗО-ның 2016 жылғы мәліметі бойынша, апат, жарақат салдарынан көз жұмған 5 жасқа дейінгі балалардың саны барлық дүниеден өткен балалар санының 14.4%-ын иеленеді. Олардың 76.5%-ы күйіп қалған болса, оның ішінде 77%-ы ыстық тамақ, шайға, 23%-ы қайнаған суға күйген. ҰТЗО-ның күйік және қалпына келтіру хирургиясы бөлімінде емделушілердің 80%-ы - кішкентай балалар. Апат орын алу себептерінің 89.3%-ы ата-аналардың көңіл бөлмеуінен, бағып, бақылауының осалдығынан, 10.7%-ы немқұрайлылық, абайсыздық салдарынан болып отырғандығы анықталды.

Қозғалып отырған балалар құқығы: - Баланың сау, қауіпсіз ортада өмір сүру құқығы, Балаға немқұрайлы қарау әлімжеттілігі.

**Екінші топ:** «Кішкентай 3 қызға әке-шешелері ауыр жұмыс істетіп, ақша тапқызып, ол ақшаға өздері ішімдік ішетін. Онымен қоймай, қыздар ойнауға кетсе, соңдарынан барып, оларды ұрып-соғып, үйге ертіп келетін. Әке-шешелері үздіксіз арақ ішіп, қыздарына зорлық-зомбылық көрсете бергендіктен, 3 қыз Балалар үйіне тапсырылды. Ата-аналары араққа үйір болмаса, қыздар бастары бүтін, бауырлары түгел, бақытты тұрмыс кешер еді.»

Қозғалып отырған балалар құқығы: - Баланың қорғалу құқығы: отбасындағы зорлық-зомбылық, бала төзе алмайтын еңбек, балаға немқұрайлы қарау әлімжеттілігі, баланың даму құқығы

**Үшінші топ:** Кішкентай кездерінде балалардың балабақшаға қамтылмауы, тиісті ортада сапалы білім ала алмауы олардың бастауыш сыныптан бастап сабақтан қалуына, кейін мектептен мүлде қол үзуіне де себеп болып отыр.

Қозғалып отырған балалар құқығы: балалардың даму құқығы, білім алу құқығы.

**Төртінші топ:** «А» сұмынының балалары өздерінің бастамасымен, «Жас тілшілер» клубын құрды. Клуб мүшелері сұмындарындағы балалардың істеп жүрген игілікті істерін басқа балаларға таныстырып, насихаттайтын ақпарат парағын әзірлемек болды. Бірақ мектеп әкімшілігі балалардың бұл бастамасын «бос сынып, кабинет жоқ» деген сылтаумен, қолдаудан бас тартты.

Қозғалып отырған балалар құқығы: Қоғам өміріне араласу құқығы.

### **Топ мүшелеріне берілетін тапсырма:**

Берілген материалдарды оқып, балалардың аман-сау өмір сүру құқығы, даму құқығы, қорғалу құқығы, қоғамдық өмірге араласу құқықтарының қайсысы екендігі туралы топ ішінде әңгімелесіп, «дұрыс» деп көрген құқықты таңдап, тиісті орынға сөйлемдерді орналастырады. Әр топтан бір мүше шығып таныстырады.

### **Қорытынды:**

Оқытуға қатысушылардың үйренгендерін пысықтау мақсатында: адам құқығы, балаларға қатысты 4 топтама құқық жайында жаңадан қандай мәлімет, түсініктер алғандығын, оларды жүзеге асыру үшін ата-ана, қамқоршыларға қандай міндеттер жүктелетіндігін сұрап, жауап алады. Балалар құқығы туралы неге ерекше айтылуға тиіс? Құқық неге бөлінбейтін, ажырағысыз, жалпылық, сабақтас болатындығы туралы білімдерін пысықтайды.

**Сабақ соңында төмендегі сауалнама парағын толтыртып, жинап аламыз.**





**Сабақ 1. Адам құқығы және балалар құқығы туралы сабақ мазмұны бойынша қатысушылардың білімін тексеруге арналған сауалнама (сабақтан бұрын және сабақтан кейін жүргізіліп, қатысушылардың біліміндегі өзгерістер таразыланады)**

## Сауалнама

Сізге бүгінгі күннің сәлемін жолдаймыз!

Сізден төмендегі сұрақтарға жауап беріп, біздің жұмысымызға қолғабыс етуіңізді сұраймыз. Сұрақтарды мұқият оқып, өзіңіз дұрыс деп ойлаған жауапты белгілеңіз.

1. Адам құқығы тек Моңғол елінде өмір сүретін адамдарға ғана қатысты. Біздің елімізде өмір сүрмейтін адамдарға адам құқығы мәселелерінің қатысы жоқ.  
 Рас  Өтірік
2. Адам құқығы жауапкершілікпен тығыз байланысты.  
 Рас  Өтірік
3. Қажеттілік заңмен қорғалады.  
 Рас  Өтірік
4. Адам құқығы - тек зорлық-зомбылықтан тысқары болу құқығы.  
 Рас  Өтірік
5. Бала құқығы заңның қорғауында болады.  
 Рас  Өтірік
6. Баланың аман-есен өмір сүру, қатысу, қорғалу, ойнау деген негізгі құқықтары бар.  
 Рас  Өтірік
7. Баласын мектепке жіберу, жібермеуді ата-ана шешеді.  
 Рас  Өтірік
8. Бала дүниеге келе сала, ата-анасы оған ат қоюға, тіркетуге міндетті.  
 Рас  Өтірік
9. Бала таған білімді тегін алуға құқылы.  
 Рас  Өтірік

СІЗГЕ КӨП РАҚМЕТ!



# ОҚЫТУШЫ ҰСЫНАТЫН ҚОСЫМША АҚПАРАТТАР:

- Әр бала дүниеге келген сәттен бастап адами негізгі (түпкі) құқығы мен бостандығын иеленуге тиісті. Бұл - әлемдегі барлық бала мен олардың отбастарының жырғаулы өмір сүрулерін кепілдендіретін адам құқығына қатысты халықаралық құжат болып саналатын «Балалар құқығы туралы конвенцияның» басты принципі. 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясынан «Балалар құқығы туралы конвенция» салтанатты түрде бекітілді. Моңғол Мемлекеті бұл конвенцияға 1990 жылы бірігіп, әлемдегі оны мойындаған 5-ел болды.
- Балалар құқығы заңмен қорғалуды талап ететіндіктен, Моңғол Мемлекеті 2016 жылдан бастап «Балалар құқығы туралы» заң **(Бұл заң балалар құқығын қорғау бағытындағы үкіметтік мекеме, жеке азамат, заңды тұлғаның өкілеттігін анықтап, балалар құқығын қамтамасыз ететін құрылым қалыптастыру, балалардың құқығы мен бостандығын жүзеге асыруға қатысты қатынастарды реттеп, үйлестіреді)**, «Балаларды қорғау туралы» заң **(Бұл заң балаларды қорғаудың ұлттық құрылымы мен қатысушы тараптардың қатынасын нақтылап, балаларға немқұрайлы қарау, қысым-қыспақ, езгі, зорлық-зомбылықтың барлық түрінен, күдікті жағдайларға ұшыраудан алдын ала сақтандыру, қорғау және кері байланыс көрсетуге қатысты қатынастарды реттеп, үйлестіреді)** қатарлы заңдарды бекітіп, ұстанып келеді.
- Баланың денесі, күш-қуаты, ақыл-ойы толық қалыптаспайтындықтан, оған дүниеге келмес бұрын және туғаннан кейін ерекше қамқорлық пен қорғаныс, оның ішінде, әсіресе, тиісті құқықтық қорғаныстар қажет болатындықтан, балалар құқығына баса назар аударып, ерекше алып қараймыз.  
Бала ата-ананың меншік заты емес. Тек көмек, қолдау алушы ғана емес.

## БАЛА ДЕГЕНІМІЗ:

- Басқалармен бірдей адам, жанұяның және қоғамның өзіндік қалыптасқан бір мүшесі, өзінің жасына сәйкес еркі мен міндеті бар құқық иеленуші, жеке тұлға.
- **Балалар құқығын** аман-сау өмір сүру, даму, қорғалу, қатысу деп бөліп, жіктегенімізбен, ол да адам құқығымен бірдей, бөлінбейтін, ажырағысыз, біртұтас. Бұл балаларға ғана арнайы берілетін құқық емес, керісінше, барлық адамға, соның ішінде балаларға туғанынан бастап берілетін негізгі құқығы болып табылады.
- Балалар құқығын қамтамасыз ету таңдау бойынша жүзеге асырылатын немесе жақсы көңілмен жасалатын нәрсе емес. Керісінше, күллі халық құрметпен ұстанып, атқаруға тиісті міндет пен жауапкершілік болып табылады.

# БАЛА ҚҰҚЫҒЫ

Барлық бала ешбір алалау, шеттетусіз қорғалу қызметін иеленіп, білім алу, денсаулық сақтау даяшылықтарына қамтылып, жеке тұлға болып қалыптасып, бойындағы дарыны мен қабілетін толық көрсетіп, дамыта алатындай мүмкіндікпен қанымдалып, бақытқа, махаббат пен сүйіспеншілікке, түсіністік пен мейірімге бөленетін ортада өсіп ержетеді және өздерінің құқықтары жайлы білім, түсінік алып, оны иелену әрекеттеріне белсенді қатыса алады.

Балалар құқығына қатысты қайшылықтар кездесетіндіктен, бүгін біз балалар құқығы туралы әңгімелеп, бұл туралы ата-аналардың ұғым, түсініктерін тереңдетуіміз қажет. Балалар құқығына қатысты қайшылықтар:

- Балалар кедейшілікке, жоқшылыққа ұшырауда.
- Балалар еңбек етуде.
- Балалар қараусыз, бақылаусыз, назардан тыс қалуда.
- Балалар апат, кеселге ұрынуда.
- Балалар зорлық-зомбылыққа ұшырауда.
- Балалар мектептен қол үзуде деген сияқты.

Балалар құқығын қорғайтын, үйлестіретін заңды құқықтық құжаттар:

- «Балалар құқығы туралы конвенция»;
- «Балалар құқығы туралы» заң;
- «Балаларды қорғау туралы» заң;
- «Отбасы туралы» заң;
- «Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресу» заңы.

Балалардың міндеті:

- ҚҰҚЫҒЫН БІЛУ;
- ӨЗІН ҚОРҒАЙ АЛАТЫНДАЙ ШЫДАМДЫ БОЛУ;
- ҚАТЫСУ-ДАМУ.

Балалар құқығын қамтамасыз етуде ата-анаға қандай міндеттер жүктеледі? дегенді **«ҚҰҚЫҚ, ҚАЛАУ, ҚАЖЕТТІЛІК»** 20 картымен жұмыстаған кезде түсіндіріп, таныстыруға болады.

## Баланың аман-сау өмір сүру құқығы:

1

Баланың аман-сау өмір сүру құқығы	Ата-ана, қамқоршылардың міндеті	Үкіметтік институциялардың міндеті
Бала дүниеге келе сала есімге ие болу	Ат қою, тіркету, тууы туралы куәлік алу	Сұмын, аудан ӘІББ-ның Азаматтық тіркеу, ақпарат бөлімі
Бала аман-сау өсіп, есею, қауіпсіз ортада өмір сүру, қандайбір зорлық-зомбылықтан тысқары, аулақ болу	Жасына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкесетін тәрбие берудің оң тәсілдерін қолдану; Қандайбір апат, оқыс жағдайлардан алдын ала сақтандыру, зорлық-зомбылықсыз, тыныш орта, жайлы қарым-қатынас қалыптастыру.	Ауылжай, бақтардағы Біріккен топтың алдын ала сақтандыру қызметі, Біріккен топтың кері байланыс қызметі.
Бала ата-анасымен бірге өмір сүру, олардың бақылауында, қамқорлығында болу, бөлек өмір сүретін жастағы баланың қорғалуы, қатысуы	Отбасында тұрақты, жайлы, жағымды қарым-қатынас қалыптастыру, қамқорлық, мейірім көрсету	Ауылжай, бақтардағы Біріккен топтың алдын ала сақтандыру қызметі, Бала және отбасы дамысы басқармасы, сот.
Дәрігері, жәрдемақы, қамқорлық, қорғау даяшылығын алу.	Даяшылық қызметтеріне қамтыту туралы білім, түсінігі болу.	Қатысты институцияның жауапты лауазым иесі міндет жүктейді.
Шетелде және отанында өмір сүру.	Баласымен бірге болуға құқықтық білімі болу.	Миграция мекемесі, құқықтық қуаты бар келісім шарт, елшіліктер баланың осы құқығын қамтамасыз ету міндетін жүктейді.

## Баланың даму құқығы:

2

Баланың даму құқығы	Ата-ана, қамқоршылардың атқаратын міндеттері	Үкіметтік институцияның міндеті
Бастауыш, орта, таған білімді тегін алу	Мектепке тізімдету, оқу құралдары, форма киімі тағы басқа қажетті заттарын қамтамасыз ету, қолдау	Қарасты аумақтағы мектеп, балабақша
Туған тілін, жазуын, салт-дәстүрін, тарихы мен мәдениетін жалғастырып, ие, мұрагер болу	Отбасының, әулеттің дәстүрін жалғастырып, ие, мұрагер болдыру	Барлық сатылы білім беру мекемелері баланың осы құқығын иелендіруге міндетті.
Ақыл-ойын, өнері мен қабілетін, денесін, күш-қуатын шыңдап, дамытуға үкіметтен қолдау, көмек алу	Білімін, көзқарасын қалыптастыруына, ізденіс жасауына қолдау көрсету	Мектеп, балабақша қажетті мекемемен жалғастырып, байланыстыру (делдал болу), әлеуметтік қызметкер баланың қатысуын, дарын, қабілетін ашып, таныту, қолдау көрсету
Дінді ұстану, ұстанбау	Баланы тыңдау және оның таңдау, талғамын құрметтеу	Діни теріс ағымдардың салдарын, теріс ықпал, әсерлерін таныту, одан қорғау
Жанұяда және қоғамдық ортада өзін дамыту	Үйірме, секцияларға қатысуына, лагерь, шипажайларда демалуына қолдау көрсету	Дамыту орталықтарына қамтыту, орнату, сынып жетекшісі және отбасымен байланыста, бірігіп жұмыстау

## 3

**Баланың қорғалу құқығы:**

<b>Баланың қорғалу құқығы</b>	<b>Ата-ана, қамқоршылардың атқаратын міндеттері</b>	<b>Үкіметтік институцияның міндеті</b>
Қоғамдық барлық ортада қорғалу	Баланың құқығын бұзбау, күдікті, күмәнді жағдайлардан қорғау, тәрбиелеудің оң тәсілдерін пайдалану	Білім беру мекемелерінде және басқа орталарда балалардың осы құқығын қамтамасыз етіп, кепілдендіру
Ата-ана, қамқоршы, қараушы, қолдаушылары баланың құқығын бұзса, заң бойынша жауапкершілік жүктеу, қарым-қатынастарын жаңғырту	Баланың құқығын бұзбау	Біріккен топ, Отбасы, балалар мен жастардың даму басқармасы, Сот орны, Сот шешімін орындау басқармасы
Өзінің атақ-абыройын, отбасының өмірін, денсаулығын, жеке басының құпияларын, баспанасының қауіпсіздігін, тұлғалық кеңістігін қорғату	Бала құқығын бұзбау, құрметтеу, жасы мен психологиялық ерекшелігін ескеру, баланы тәрбие берудің оң әдіс-тәсілдерімен тәрбиелеу	Білім беру мекемелерінде және басқа орталарда балалардың осы құқығын қамтамасыз етіп, кепілдендіру, Біріккен топ
Құқығы бұзылған жағдайда өзі немесе сенімді өкілі арқылы мемлекеттік және халықаралық тиісті ұйымдарға шағымдану	Баласын қолдау, қатысуын қамтамасыз ету, заңды өкілі болу, қорғаушының көмегіне жүгіну	Адам мәселесін жауаптанушы әкімшіліктің орталық мекемесі, үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық ұйымдар, Сот, Прокурор, Полиция, әлеуметтік қызметкер

## 4

**Баланың қоғамдық өмірге қатысу құқығы:**

<b>Баланың қоғамдық өмірге қатысу құқығы</b>	<b>Ата-ана, қамқоршылардың атқаратын міндеттері</b>	<b>Үкіметтік институцияның міндеті</b>
Жасы мен психологиялық ерекшелігіне сәйкесетін, заң бойынша тыйым салынбаған іс-шараларға қатысу, ынтымақтасу, бірігу	Қолдау, көмектесу, тыңдау, шешім қабылдау	Мектеп, балабақша, балалар құқығы маманы, отбасы, балалар мәселелерін жауаптанушы мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік қызметкерлер баланың осы құқығын кепілдендіру міндетін жүктейді.
Өзіне қатысты қандайбір мәселе бойынша шешім, қабылдау, баға беру	Қолдау, көмектесу	
Өзінің авторлық құқығын, жаңа туынды, ұтымды пікірін заң-қарарларда көрсетілуі бойынша, меншіктеу (патенттеу), пайдасын көру	Қолдау, көмектесу	Мектеп, балабақша, балалар құқығы маманы, отбасы, балалар мәселелерін жауаптанушы мемлекеттік мекеме, әлеуметтік қызметкер, әкім, жұмыс беруші, Нотариат, Полиция, Прокурор, Сот, Зияткерлік меншік басқармасы
Өзіне тиесілі дүние, дәулетті меншіктеу, мұрагер болу, еңбекақы, сыйақы алу	Тиесілі дәулетті (енші) беру, қолдау көрсету	Әкім, жұмыс беруші, Нотариат, Полиция, Прокурор, Сот, Зияткерлік меншік басқармасы
Құқығын иелену талабы	Қолдау, көмектесу	Сенімді өкілі, әлеуметтік қызметкер, бала құқығы маманы

## **Қосымша, кеңейтіп оқуға арналған материалдар:**

БҰҰ-ның «Балалар құқығы туралы конвенциясы», 1989 жыл

«Білім туралы» заң, 2002 жыл

«Бастауыш, орта білім туралы» заң, 2002 жыл

Білім, Мәдениет, Ғылым министрінің 2002 жылғы №230 бұйрығы:  
«Жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалардың үлгі ережелері»

Білім, Мәдениет, Ғылым министрінің 2007 жылғы №41 бұйрығы:  
«Жалпы білім беретін мектептер мен балабақша мұғалімдерінің әдеп ережелері»

«Мектепке дейінгі білім беру туралы» заң, 2008 жыл

«Қайшылық туралы» заң, 2015 жыл

«Балалар құқығы туралы» заң, 2016 жыл

«Балаларды қорғау туралы» заң, 2016 жыл

«Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресу туралы» заң, 2016 жыл

# САБАҚ 2:

## БАЛАҒА ҚАРСЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ







### **Сабақтың мақсаты:**

Балаларға қарсы әлімжеттіліктің сипаты, түрі, балаға тигізетін кері әсері, зияны туралы жаттығу жұмыстарын орындату, ғибрат боларлық оқиғалардан таныстыру арқылы қатысушыларға зорлық-зомбылық жайлы негізгі мағлұмат, түсінік беріледі.

### **Күтілетін нәтиже:**

Балаларға қарсы әлімжеттіліктің сипатын түсініп, танып білумен қатар, кері әсерін, зиянын білетін болады.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға деген ниетін, ынта-жігер, талабын оятуға түрткі болады, ықпал етеді.

№		Іс-әрекет	Уақыт	Сабақ формасы	Қажетті оқу құралдары мен материалдар
1		Сабақтың таныстыруы	<b>2 мин</b>	Еркін әңгіме, талқылау	
2		Ынталандыру жаттығуы	<b>3 мин</b>	Жаттығу	Нұсқаулық
3		Әрекет <b>1.</b> Әлімжеттілік неден пайда болады?	<b>23 мин</b>	Рөлмен ойнау; Талқылау; Әңгімелесу; Қорытындылау; Бекіту.	Тақта қағаз, қалам
4		Әрекет <b>2.</b> «Жіктеп, топтайық» жаттығуы: Әлімжеттіліктің түрі, сипаты, балаға зияны	<b>20 мин</b>	Топпен жұмыстауға арналған тапсырмалар; Еркін талқылау; Әңгімелесу.	Карт топтамасы Баяндама
5		Сабақты бекітуге арналған жаттығу	<b>15 мин</b>	Топпен жұмыстау	Ғибратты оқиға Бекітуге арналған сұрақтар
6		Қорытынды	<b>5 мин</b>	Қатысым әдісі	Сауалнама парағы

# Ынталандыру (бой сергіту)

жаттығу: /3 минут/

- A Барлық қатысушылар бір шеңбер болып, бір-бірінің артынан қарап тұрады.
- B Әркім өзінің алдында және артында тұрған қатысушыға мүмкіндігінше таяп тұрып, бірдей жүрелеп отырады.  
*Егер барлық қатысушы екі жағындағы әріптесіне барынша жақындап тұрса, әркім өзінің артында тұрған қатысушының тізесіне (алдына) отыратын болады. Шеңбердегі барлық қатысушы алдында тұрған әріптесін өзінің тізесіне отырғызады, бір де бір қатысушы жерге отырмайды.*
- B Қатысушылардың ортасынан біреуін тартып тұрғызғанда, барлық қатысушы тепе-теңдікті сақтай алмай, жығылулары мүмкін.

Бұл жаттығуды орындап болған соң, оқытушы қатысушылардан төмендегі сұрақтарды сұрайды:

- a Барлық қатысушы бірлесе отырып, бір де бір адамды жерге отырғызбауға болатын бұл жаттығудан қандай ой түюге болады?
- b Шеңберден бір қатысушыны тартып тұрғызғанда, қандай жағдай болды? Сол сәтте сіздерге не сезілді, қандай әсерде болдыңыздар?
- c Егер шеңбердегі әр қатысушыны бала құқығы деп ойласақ, бір құқық бұзылса, (бір адамды тартып шығарсақ) басқа құқықтарға қалай әсер етеді екен? Бір құқықты бөліп алып, жеке қарастыруға мүмкіндік бар ма?



# ІС-ӘРЕКЕТ 1: “МЕНІҢ ШЕШІМІМ” РӨЛМЕН ОЙНАУ

жаттығу: /20 минут/

## **Сабақтың мақсаты:**

Қатысушылардың әлімжеттіліктің сипаты, түрі, формасын танып білу біліктілігін шыңдау, әлімжеттіліктің көрініс беру белгілері мен балаға тигізетін зияны туралы үйрету, баланы әлімжеттіліктен қорғау, алдын ала сақтандыру жолдарын үйрету.

## **Құрал-жабдықтар:**

Зорлық-зомбылықтың сипатын танып білуге арналған жағдаяттар (кейс);  
Зорлық-зомбылықтың түрі, сипаты, көрініс беру белгілері, балаға тигізетін зияны жазылған таныстыру;  
Зорлық-зомбылықтың түрін, сипатын көрсететін ғибратты оқиғалардан таңдап оқыту, әңгімелесу.

# Зорлық-зомбылықтың сипатын танытатын “МЕНІҢ ШЕШІМІМ” көрінісі (рөлмен ойнау):

Оқытушы қатысушыларды 4 топқа бөліп, төмендегі тапсырмаларды береді:

## Тапсырма 1

- Сіз жұмыстан келгенде, балаларыңыз
- үйдегі заттарды шашып тастапты. Сіздің «үйді жинаңдар!» дегеніңізді мүлде естімегендей, одан сайын шаша берді. Мұндай жағдайда балалардың әрекетін қойғызу үшін сіз не істер едіңіз? / Шешімі: Топ мәселенің баланы ұрып-соғып, жазалау арқылы шешілгендігін көрсетеді./

## Тапсырма 2

- Сіз балабақшадан балаңызды алуға
- барғанда, мұғалімі балаңыздың қасындағы баланы тырнап алғанын, мұғалімнің «қой» дегеніне қоймай, тілін алмағандығын айтты. Мұғалім сізге: «Балаңызға бұл мәселені өзіңіз түсіндіріңіз» деді. Сіз үйге барған соң, балаңызға не істейсіз? / Шешімі: Топ балаға айтып түсіндіру арқылы ұқтырады. \

## Тапсырма 3

- Кешкісін сіз жұмыстан келсеңіз, 5 жасар
- ұлыңыз анасының телефонымен ойнап отыр екен. Тамақ ішетін уақыт болып, «Телефонды қойып, тамағыңды іш» дегенді тыңдамай, ойынын жалғастыра берді. Сіз 2-3 рет «тамағыңды іш» деп ескерттіңіз. Ол телефонды берместен, тамақтанып отырып та, ойнай берді. / Шешімі: Баладан телефон тартып алынды. Бала жылап, тамағын ішпеді. Осыдан болып, ата-анасы сөзге келіп қалды./

## Тапсырма 4

- Балабақшаға баратын уақыт болды.
- 4 жасар қызыңыз ұйқысын аша алмай жатыр. Сіз жұмысыңыздан кешігетін болдыңыз. Қызыңыз тұрмады. Мұндай жағдайда сіз қызыңызды балабақшаға уақытында жеткізіп, әрі өзіңіз жұмысыңыздан кешікпес үшін не істер едіңіз? / Шешімі: Қызымды тура тұрғызып, жылатып-еңіретіп, үйден алып шығамын./

Тапсырмаларды орындау үшін әр топқа 5 минут, басқа топтарға таныстыру үшін әр топқа 3 минуттан уақыт беріледі.

# Оқытушы тарапынан берілетін ақпарат:

Рөлмен ойнау аяқталған соң, оқытушы аталмыш мәселенің қандай жолмен шешілгендігіне қорытынды жасап, қатысушылардан мәселені әлімжеттік көрсетпей шешетіндей мүмкіндік болған, болмағандығын сұрап, әңгімелеседі.

## **А**

Біреудің өзінің күшін, билігін, қандайбір артықшылығын пайдаланып, баланың құқығына, бостандығына қайшы келіп, зиянын, кесірін тигізу немесе тигізбек болу, оны қорғайтын және алдын ала сақтандыратындай шара қолданбау әрекетін балаға қарсы зорлық-зомбылық деп есептейміз.

## **Ә**

Арақкештік, отбасындағы ұрыс-керіс деген сияқты мәселелер зорлық-зомбылыққа себеп болады. Ішімдік ішіп алып, отбасында жанжал тудырып, әлімжеттілік жасауды ішімдік емес, ішімдік ішкен адамның өз билігінің артықшылығын пайдаланып, зорлық-зомбылық көрсетіп жатыр деп түсіну қажет.

## **Б**

Балаларға қарсы қыспақ, зорлық-зомбылықтың тәндік (дене), жыныстық, психологиялық деген сияқты түрлері бар. Қандайбір субъект өз мақсатына жету үшін мәжбүрлеу, күш көрсету тәсілдерін қолдануды айтамыз.

# ІС-ӘРЕКЕТ 2: “ТОПТАП, ЖІКТЕЙІК” жаттығу: /20 минут/

Іс-әрекеттің басты мақсаты - зорлық-зомбылықтың түрлерін танып білу, оның балаға тигізетін кесір-кесепаты, зияны туралы білімдерін нығайту.

**Нұсқау.** Қатысушылар 4 топқа бөлінеді.

**1-топқа:** «Тәндік (дене) зорлық-зомбылық»;

**2-топқа:** «Психологиялық зорлық-зомбылық»;

**3-топқа:** «Жыныстық зорлық-зомбылық»;

**4-топқа:** «Немқұрайлылықтан туындайтын зорлық-зомбылық» деген атаулар беріледі. Және үстелге зорлық-зомбылықтың түрлері, көрініс беретін белгілері, балаға тигізетін зияны жазылған карттар қойылады. Карттар аралас, ретсіз қойылғандықтан, топтар ондағы сөйлемдерді оқып, ретімен дұрыс орналастырып, құрастырады. Картта берілетін ақпараттар:

Зорлық-зомбылықтың түрлері, сипаты	Балада байқалатын белгілері	Балаға тигізетін әсері
<p><b>Тәндік (физиологиялық) зорлық-зомбылық</b></p>	<p>Қол,аяғы сияқты ашық көрінетін жерлері көгеріп, қызарып,күйу,көзі көгеру, мектепке,бақшаға біраз келмей қалып,келгенде, денесінің қайбір жері көгерген болу,үйге қайтатын уақыт болған кезде әке-шешесімен ренжісу,қашып кету,жылау, үлкен адамдарды көрген кезде қысылып,үрейлену, өзімен тұстас балаларды, жан-жануарларды ұрып-соғып,әлімжеттік көрсету<sup>4</sup></p>	<p>Баланың миының дамып, жетілуіне кері әсер етеді,соның салдарынан дүниетанымы,тілі және оқу біліктілігі нашар дамиды<sup>5</sup>. Әрі қарай айтсақ, физиологиялық жағынан бала кезінде,жасөспірім кезінде, тіпті үлкен адам болған кезінде де аурушаң,әлсіз болуы мүмкін<sup>6</sup>. Бала кезінде физиологиялық тұрғыдан және немқұрайлылық салдарынан зорлық-зомбылыққа душар болған жәбірленуші үлкейгеннен кейін аллергия, астма,рахит,бронхит,қан қысымы көтерілу,асқазанда жарақат пайда болу,бауыры толық жетілмеу,иммунитет құрылымы нашар даму деген сияқты зардап шегеді.<sup>7</sup></p>
<p><b>Жыныстық зорлық-зомбылық</b></p>	<p>Отырып,тұрғанда,жүргенде ауырсынып қиналу, достарымен ойнаудан, денешынықтыру сабағына қатысудан кенет бас тарту, түс көріп,бастырылу,төсекке дәрет сындыру,тамақтану дағдысы кенет өзгеру,секс туралы жақсы білетін болу немесе жат әрекеттер жасау/әңгімелеу,қаламаған жүктілікке ұрыну,жаңа ортада бұрын танымайтын үлкен адамдармен тез тіл табысу<sup>9</sup> қатарлы белгілер байқалады.</p>	<p>Жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар өздерін кінәлі сезіну,өзіне сенімсіз болу,жаман түс көріп, бастырылу,ұйқысыз болу,ойлау,есте сақтау қабілетінен уақытша айырылу,өзін арандату, өзіне қол салуды ойлау, сіңісті ауру болу,үлкейгенде жыныстық қатынас жасауда қиналу,СПИД/ЖЖЖАуруларын жұқтыру, мінез-құлқында уақытша ауытқулар болу,тұйықтық пайда болу деген сияқты әсер етеді.<sup>10</sup></p>

3 Pinheiro, Paulo Sérgio (2006). "Violence against children in the home and family" (PDF). *World Report on Violence Against Children*. Geneva, Switzerland: United Nations Secretary-General's Study on Violence Against Children. ISBN 92-95057-51-1.

4 What Is Child Abuse and Neglect? Recognizing the Signs and Symptoms 2013, page#6

5 Tiffany Watts-English T, Fortson BL, Gibler N, Hooper SR, De Bellis MD Journal of Social Issues 2006 Volume 62, Issue 4, pages

6 Dolezal, T.; McCollum, D.; Callahan, M. (2009). *Hidden Costs in Health Care: The Economic Impact of Violence and Abuse*. Academy on Violence and Abuse.

7 Springer KW, Sheridan J, Kuo D, Carnes M (2007). "Long-term physical and mental health consequences of childhood physical abuse: results from a large population-based sample of men and women". *Child Abuse Negl.* 31 (5): 517–30.

8 Brown, Patricia Leigh (23 May 2011). "In Oakland, Redefining Sex Trade Workers as Abuse Victims". *The New York Times*. Retrieved 24 May 2011. Once viewed as criminals and dispatched to juvenile centers, where treatment was rare, sexually exploited youths are increasingly seen as victims of child abuse, with a new focus on early intervention and counseling.

9 What Is Child Abuse and Neglect? Recognizing the Signs and Symptoms 2013, page#6

10 Dinwiddie S, Heath AC, Dunne MP, Bucholz KK, Madden PA, Slutske WS, Bierut LJ, Statham DB, Martin NG (2000). "Early sexual abuse and lifetime psychopathology: a co-twin-control study". *Psychological Medicine.* 30 (1): 41–52. PMID 10722174. doi:10.1017/S0033291799001373.

Зорлық-зомбылықтың түрлері, сипаты	Балада байқалатын белгілері	Балаға тигізетін әсері
<p><b>Психологиялық зорлық-зомбылық</b></p> <p>Балаға дауыс көтеріп, айғайлау, бақыру, балағаттау, қарғау, дерекілік көрсету, елемей, қатты сынау, баланың атақ-абыройын, беделін түсіру/жала жабу,<sup>11</sup> ат қойып, айдар тағу, мазақтап, келемеждеу, баланың өзіне меншік затын тартып алып, бүлдіру/ жоғалту, қолға үйреткен жануарларын өлтіру, балаға шамасынан артық, жасына лайық емес ұсыныс жасау, әңгімесін бөлу, күн сайын бір ат қойып, мазақтау.<sup>12</sup></p>	<p>Шектен тыс талап еткен немесе үнемі ренжіп жүру, шектен тыс қатыгез немесе мүлде ынтасыз, талапсыз болу, физиологиялық және психологиялық тұрғыдан жетілуі өзінің тұтастарынан төмен болу, өзіне қол жұмсауға тырысу, ата-анасымен жақын қатынаспау, кейде үлкен адам сияқты (басқа балаларға ата-ана болу деген сияқты) ұрсу немесе жас бала сияқты мінез көрсету.<sup>13</sup></p>	<p>Бала өзіне сенімсіз болып, өзін-өзі менсінбей, қорланып, дамуы жағынан артта қалады. Психологиялық зорлық-зомбылыққа душар болған балалардың көбінің адамдарға деген сенімі жоғалып, қоғамнан оқшауланады, мектепте күрделі мәселелерге тап келеді, адамдармен жаңадан қарым-қатынас орнатуда қиындық туындайды.<sup>14</sup></p>
<p><b>Немқұрайлылықтан туындайтын (елемеу) зорлық-зомбылық</b></p> <p>Ата-ана, қамқоршылары баланы қажетті азық-түлік, киім-кешек, баспана, дәрігері қамқорлық, ақыл-кеңеспен қамтамасыз ете алмауынан болып, баланың қауіпсіздігіне, жырғаулы, жақсы өмір сүруіне зиян келтіріп, қатер төндіретін әрекеттер жатады. Баланың қалыпты өсіп тәрбиеленуіне қажетті көңіл бөлу, қамқорлық, мейірім, сүйіспеншілік, бағып-қағудың жеткіліксіздігі, ынталандырып, қолдамау, қажетті білім алу қызметіне қамтытпау, жалғыз өзін қараусыз қалдыру.<sup>15</sup></p>	<p>Сабаққа бармау, ақша, тамақ сұрау/ұрлық істеу, үнемі жуынбай, кір, лас киім киіп жүру, жағымсыз иіс шығу, суықта жұқа киіммен жүру, «үйде кісі жоқ, өзім ғана болсам» деу, тісін емдету/көзілдірік/иммунитетін көтеру қажет екендігі байқалып тұру.<sup>16</sup></p>	<p>Физиологиялық, психологиялық жетілуі жағынан артта қалып, жүйке жүйесінде ауытқушылық пайда болғандықтан, істеу, атқару, зейіннің шоғырлануы, нәрсені жылдам істеу, сөйлеу, ойлау біліктері нашар дамиды.<sup>17</sup></p>

Топтарға бұл жаттығуды орындау үшін барлығы **5 минут** беріледі және топ мүшелерінің барлығы қатысатындай етіп ұйымдастырылады. Топтар картты құрастырып болған соң, дұрыс, ретімен орналастырылғанын бірге тексеріп, әңгімелеседі. Одан соң осы сабақты бекіту, пысықтау мақсатында, төмендегі жаттығуды орындайды.

11 Theoklitou D, Kabitsis N, Kabitsi A (2012). "Physical and emotional abuse of primary school children by teachers". *Child Abuse Negl.* **36** (1): 64–70  
12 "Child Abuse". The National Center for Victims of Crime. Archived from the original on 27 July 2011.  
13 What Is Child Abuse and Neglect? Recognizing the Signs and Symptoms 2013, page#7  
14 "Emotional Abuse". *American Humane Association*. Archived from the original on 22 April 2015.  
15 Theoklitou D, Kabitsis N, Kabitsi A (2012). "Physical and emotional abuse of primary school children by teachers". *Child Abuse Negl.* **36** (1): 64–70  
16 What Is Child Abuse and Neglect? Recognizing the Signs and Symptoms 2013, page#7  
17 "Neurocognitive impacts for children of poverty and neglect". *Apa.org*. July 2012. Retrieved 24 December 2012.

# Пысықтауға арналған жаттығулар: Ғибратты оқиға

15 минут

## Оқытушы:

Қатысушыларды 3-4 топқа бөледі. Әр топқа «Ғибратты оқиғалар» кітабынан бір әңгімені оқып, төмендегі сұрақтар бойынша әңгімелесуді тапсырады.

Сұрақтар:

Сіздер оқыған оқиғада зорлық-зомбылықтың қай түрі туралы айтылған?  
Әлімжеттілікті кім жасады?

Сіздің балаңыз осындай мәселеге тап болса, сіз кімнен ақыл-кеңес алар едіңіз?

Зорлық-зомбылық балаға қандай кері әсерін тигізді?

Егер сіз болсаңыз, баланы зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру үшін қандай қадамдар жасаған болар едіңіз?

Әр топтан бір мүше ортаға шығып, оқиғада ғибрат, үлгі боларлық нәрсе не екендігі, балаларды зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру үшін қандай қадамдар жасау керектігі туралы ой бөлісіп, пікірлеседі.

## Бекітуге арналған жаттығуларды қорытындылау:

Балаға қарсы зорлық-зомбылықтың барлық түрі қылмыс болып табылады. Әрі оның жақын уақытта ғана емес, жылдар өткен соң да тигізетін зиян, залалы шаш етекпен. Дене, денсаулық, ой-сана, мінез-құлық - барлығына кері әсерін тигізеді. Бала физиологиялық әлімжеттілікке ұшыраса, ол психологиялық жағынан да, денсаулығы жағынан да жапа шегеді.


Баланың сәл ғана ағаттығын тыюдың ең оңай әрі бізге таныс әдісі - «аюға намаз үйреткен - таяқ», яғни физиологиялық және психологиялық тұрғыдан жазалауды қолданамыз. Бірақ жазаның бұл түріне, балаға қарсы әлімжеттілік деп көріп, заң бойынша тыйым салынған.

Баламен сөйлесіп, қатынасқанда, оның жас ерекшелігіне сәйкестіріп, мәселені бала ұғатындай етіп айтып түсіндірсеңіз және балаға үстемдік жүргізіп, артықшылығыңызды пайдаланбасаңыз, зорлық-зомбылықсыз болашақты қалыптастыруға сіз өз үлесіңізді қосып жатқандығыңыз болып табылады.

## Қорытынды:

Оқытушы қатысушылардан балаға қарсы зорлық-зомбылық неден туындайтындығын сұрайды, зорлық-зомбылықтың сипатын қайтадан түсіндіреді, зорлық-зомбылықтың негізгі 4 түрін атап, оның балаға тигізетін қандай зияны бар екендігіне қорытынды жасауды тапсырады. Егер қатысушылар зорлық-зомбылықтың түрін, сипатын, байқалатын белгілерін, балаға тигізетін кері әсерлерін дұрыс айта алса, әрі қарай жалғаса береді. Егер айта алмай, күмәнданса, оқытушы қайтадан түсіндіреді. Баланы зорлық-зомбылықтан қорғау үшін ата-ана және үкімет нақты міндеттер жүктейтіндігі туралы айтып береді.

Сабақ соңында қатысушылардан сауалнама алынады.





**Сабақ 2. Балаға қарсы зорлық-зомбылық туралы сабақ мазмұны бойынша қатысушылардың білімін тексеруге арналған сауалнама (сабақтың алдында және соңында алынады)**

## Сауалнама

Сізге бүгінгі күннің сәлемін жолдаймыз!

Сізден төменде берілген сұрақтарды мұқият оқып, өзіңіз дұрыс деп ойлаған жауабыңызды белгілеуіңізді сұраймыз.

1. *Зорлық-зомбылық жасаудың негізгі себебі неде?*

- a) Арақкештік
- b) Кедейшілік
- c) Отбасындағы жанжал
- d) Өзінің үстемдігі мен артықшылығын пайдаланып, басқа адамдардың ешкім тиіспейтін құқығын бұзу

2. *Балаға ең көп зиян шектіретін зорлық-зомбылық түрін атаңыз.*

- a) Физиологиялық зорлық-зомбылық
- b) Психологиялық зорлық-зомбылық
- c) Немқұрайлылық
- d) Жыныстық зорлық-зомбылық
- e) Зорлық-зомбылықтың барлық түрі

3. *Баланы зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру үшін мұғалім қандай міндет атқарады?*

- a) Ата-анасымен кездесіп, әңгімелесу, ақыл-кеңес беру
- b) Басшылыққа айту, басшылықтан ақыл-кеңес алу
- c) Мұғалімдермен әңгімелесіп, ақылдасу
- d) Тиісті лауазым иесіне хабарлау

4. *Баланы зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру үшін ата-ана қандай міндет атқарады?*

- a) Алдын ала сақтану туралы мәлімет беру
- b) Бұл мәселе жөнінде баласымен әңгімелесу
- c) Мұғалімнен ақпарат беруін өтіну
- d) Таныс адамдардан сұрау
- e) Тиісті мекемеге хабарлау

5. *Үйге қайтар жолыңызда сізге таяқ жеген бала кездесе, сіз қандай шара қолданар едіңіз?*

- a) Үйіне жеткіземін.
- b) Полиция ұйымына жеткіземін.
- c) Мектебіне, балабақшасына жеткіземін.
- d) Маған қатысы жоқ мәселе.
- e) Жақсы білмей тұрмын.

6. *Шымшу, итеру, тістеу зорлық-зомбылық түріне жата ма?*

- a) Итеру, тістеу жатады.
- b) Шымшу болуға болады.
- c) Барлығы да зорлық-зомбылық.

**СІЗГЕ КӨП РАҚМЕТ!**

# САБАҚ 3:

## БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ОҢ ӘДІСТЕРІ





### **Сабақтың мақсаты:**

Ата-ана/қамқоршыларға бала тәрбиелеудің оң әдістерінен таныстыру.

### **Күтілетін нәтиже:**

Ата-ана/қамқоршылар бала тәрбиелеудің оң әдістері мен оның принциптері туралы білетін болады.

Күнделікті өмірде баланы оң тәрбие жолдарымен қалай тәрбиелеуге болатындығы жайында негізгі мағлұмат алады.

№		Іс-әрекет	Уақыт	Сабақ формасы	Қажетті оқу құралдары мен материалдар
1		Сабақтың таныстыруы	<b>2 мин</b>	Еркін әңгіме, талқылау	
2		Әрекет <b>1.</b> «Жиырма бес жылдан кейін сіздің балаңыз...» жаттығуы	<b>20 мин</b>	Топпен жұмыстауға арналған жаттығу; Талқылау, әңгімелесу; Бекіту;	Қатысушыларға берілетін парақ Қатысушыларға арналған түсті қағаз, бояулар
3		Әрекет <b>2.</b> «Сіз қандай жағдайда балаңызға ұрсасыз?» жаттығуы	<b>10 мин</b>	Сынақ; Талқылау, әңгімелесу;	- Алма қышқылы - 1 құты - Таза мақта - 1 дана - Ас содасы - 1 қорап - 2 кесе - 1 ас қасық
4		Сабақты бекітуге арналған жаттығуы	<b>25 мин</b>	Топпен жұмыстау; Әңгімелесу;	Бекітуге арналған сұрақтар
5		Қорытынды	<b>5 мин</b>	Қатысым әдісі	

# Әрекет 1:

## “Жиырма бес жылдан кейін сіздің балаңыз...”

### жаттығу: /20 минут/

**А** Қатысушылар сандарына сәйкес 4-5 топқа бөлініп отырады. Әрбір қатысушыға бір дана жазу парағы мен қара сиялы қалам беріледі. Әр үстелге түрлі түсті қарындаштар мен фломастерлер жеткілікті қойылады.

**Б** Оқытушы қатысушыларға: «25 жылдан кейін ұлыңыздың немесе қызыңыздың қандай адам болағанын қалайтыныңызды суреттеп сызыңыз» деген тапсырма береді. Ұлыңыздың немесе қызыңыздың **МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ, ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС** тұрғысынан, **БІЛІМІ, МАМАНДЫҒЫ, ҚЫЗМЕТІ** тұрғысынан, **ЖАНҰЯСЫ, ДОС-ЖАРАН, ДЕНСАУЛЫҒЫ** тұрғысынан қандай адам болғандығын қалайтындығыңызды суретке сыйдыруға тырысыңыз. Балаңыздың 25 жылдан кейінгі бет-бейнесін барынша айқын сызыңыз. 2 немесе одан көп баласы бір балабақшаға баратын ата-аналар бар болса, бұл жаттығуды орындау үшін, бір баласын ғана таңдап алып, іштей сол баласы туралы ойлап отырып, жаттығуды орындайды. Тапсырманы орындауға 5 минут беріледі.

**В** Ата-аналар суреттерін сызып болған соң, қатысушылардың өкілі ретінде әр үстелден 1-2 ата-ана шығып, өздерінің сызған суреттерін таныстырады.

**Г** **Оқытушы** (Қатысушылар сызған суреттерін басқаларға көрсетіп, таныстырып болған соң): *«Біз суреттерден барлық ата-ананың балаларына тек жақсылық тілеп, жақсы адам болғанын қалайтындығын көрдік. Ендеше, біз балаларымызды 25 жылдан кейін осындай жақсы адам болатындай етіп тәрбиелеп отырмыз ба? Ұлымызды немесе қызымызды мақсатпен тәрбиелейміз бе? Біз балаларымызды сау, салауатты, ақылды, әділетті адам болдырып тәрбиелеуді қаласақ та, біздің қолданып жүрген тәрбиелеу тәсіліміз дұрыс па? Біз өзіміз балаларымызға әділетті, қайырымды адамның үлгісін көрсете алдық па? деген сұрақтар төңірегінде іштей ойланып көріңіздер!»* - деп, ата-аналарға ойлануға бірнеше секунд уақыт береді.

**Д** Содан соң оқытушы: - барлық адам баласын жақсы адам болдырып тәрбиелеуді қалайтындығын біз жаңағы жаттығудан көрдік. Олай болса, балалар бізден, ата-аналардан, не қалайтындығын біліп алайық.

## Балалар ата-аналарынан:

Айтып түсіндіру, қателігін ұғынықты етіп түсіндіру;

Жеке, жалғыз әңгімелесу;

Баланың ой-пікірін тыңдау;

Балаға сену, ішкі жан дүниесін түсіну;

Үлгі, өсиет, ғибрат түрінде айту;

Ескерту жасау;

Бағындыру, бұйыру түрінде емес, дос сияқты қатынасу

Балағат сөздермен немесе жаман сөздермен кемсітпеуді қалайды екен.

## Бірақ ата-аналардың көзқарасы қандай?

Ата-аналардың көбі бала тәрбиелеудің дұрыс жолдарын білсе де, күш қолдануды кез келген күрделі мәселені шешудің оңай әдісі ретінде таңдап алады. Осылайша, құлағымен емес, денесінің ауырғанын сезінгенде ғана тыңдайтын адамдарды пайда болдырып, өсіріп жатыр. Бір сөзбен айтқанда, ақылға салып түсінетіндерді емес, сөзге ергіштерді тудырып, сенім мен құрметке ақылмен емес, күшпен қол жеткізуге болады деген көзқарас қалыптасады деген сөз.

Ата-аналар балаларының өзінше бір жеке әлем екендігін түсінуді қаламайды.

Балаларын тек өзінің дегенімен ғана жүргізгісі келеді.

Бала тәрбиелеудің түпкі, келешек мақсатын ойламай, мәселені дер кезінде, ең жылдам, ең оңай, нәтижесі нашар әдістермен шешуді ойлайды.

Енді барлығымыз бірге біз, ата-аналар, неге ашуланатындығымыз жайында бір тәжірибе жасап көрейік.

# Әрекет 2:

## Сіз қандай жағдайда балаңызға ұрсасыз?

### сынақ - 20 минут

Екі шыны кесенің ортасына дейін алма қышқылын бірдей мөлшерде құямыз. Оқытушы бір қатысушының өз қалауымен шығып келуін өтінеді. Сосын қатысушыға алдын ала әзірленген жағдаяттарды оқып беру барысында, көңілсіздік туындаған сайын, кеседегі қышқылға бір қасық сода салып отыруын ескертеді.

#### **Тәжірибе # 1:**

#### **Оқытушы таныстыратын жағдаяттар**

Сіз жұмыс күні жай ояндыңыз. Асығыс-үсігіс киініп, беті-қолыңызды да жумастан, аялдамаға келіп, автобустың келуін біршама ұзақ күттіңіз.

Автобусқа отырып едіңіз, жолаушы лық толы болғандықтан, отыратын орындық табылмады. Түрегеп тұруыңызға тура келді. Ашуланып тұрсыз. Бірақ ешкімге ештеңе демедіңіз.

Жұмысқа келдіңіз. Есік алдында бастығыңызға кездесіп қалып, сөгіс естідіңіз. Іштей ыза болдыңыз.

Бұл күн көңілсіздікке толы болды. Ұзақ күттіңіз.

Кешкісін жұмыс аяқталар кезде, күйеуіңіз немесе әйеліңіз балабақшадан баланы ала алмайтындығын, өзіңіз барып алуыңыз керектігін айтып телефон соқты.

Балабақшаға келгенде, мұғалім сіздің балаңыз бірге ойнайтын баланы ұрғанын айтты.

Қатысушыға осы кезде ашуланған болса, алма қышқылына бір қасық сода салу тапсырылады.

Қатысушыдан осы кезде ашуланған болса, алма қышқылына бір қасық сода салуын сұраймыз.

Қатысушыдан осы кезде ашуланған болса, алма қышқылына бір қасық сода салуын сұраймыз.

Қатысушыдан осы кезде ашуланған болса, алма қышқылына бір қасық сода салуын сұраймыз.

Қатысушыдан осы кезде ашуланған болса, алма қышқылына бір қасық сода салуын сұраймыз.

Қатысушыдан: «Осы кезде сіз қайтер едіңіз?» деп сұраймыз.

## Тәжірибе # 2:

### Оқытушы: Енді алдыңғы жасаған тәжірибеміздегі жағдаяттарды өзгертіп жасап көрейік.

Сіз жұмыс күні жай ояндыңыз. Бірақ бастығыңызға телефон соғып, жағдайыңызды айтып, кешіккеніңіз үшін кешірім сұрадыңыз.

Автобуста адам лық толы, бір жігіт сізге орын берді.

Жұмысқа келдіңіз. Есік алдында бастығыңызбен жолығып, жылы амандастыңыздар. Басқа ештеңе айтпады.

Қалай дегенмен де, бұл күн сәтті өтті.

Кешкісін жұмыс аяқталар кезде, күйеуіңіз немесе әйеліңіз балабақшадан баланы ала алмайтындығын, өзіңіз барып алуыңыз керектігін айтып телефон соқты.

Балабақшаға келгенде, мұғалім сіздің балаңыз бірге ойнайтын баланы ұрғанын айтты. /Осы кезде ашуланған болсаңыз, қышқылға 1 қасық сода саласыз, балаңызбен әңгімелесіп, себебін анықтаған болсаңыз, мақта саласыз./

/Осы кезде ашуланған болсаңыз, қышқылға бір қасық сода салыңыз, «бастығыма айттым» деп өзіңізді-өзіңіз тыныштандырсаңыз, домалақталған мақтаның біреуін кеседегі қышқылға салып, көпіршіген, көпіршімегенін бақылаңыз./

/Кешігіп қалғаныңызға өзіңізді кіналасаңыз да, орындықта отырып жететіндіктен, қышқылға 1 қасық сода, мақта екеуін де саласыз, бақылайсыз./

/Осы кезде ашуланған болсаңыз, қышқылға тек мақтаны саласыз./

/Қышқылға 1 мақта салынады./

/Осы кезде ашуланған болсаңыз, қышқылға 1 қасық сода салып, көпіршітін, көпіршімейтінін бақылайсыз./

/Қатысушыдан: «Осы кезде сіз қайтер едіңіз?» деп сұраймыз./

# Оқытушы тарапынан берілетін түсініктеме:

**А**

Күйзеліс (стресс) дегеніміз жағдайға байланысты туындайтын көңіл толқынысы. Сондықтан болып жатқан оқиға, жағдайларды қалай қабылдау, көңіл толқынысын қалай тізгіндеу адамның ақылын басқару біліктілігіне байланысты

болады. Жаңағы тәжірибеде біз неге өзімізбен бірдей үлкен адамды ұстап алып, ұра алмаймыз, сөйте тұра, неге баланы ұрамыз? деген мәселе бойынша әңгіме өрбітеміз. \5 минут\

**Ә**

Ата-аналар балаларын жақсы адам болдырып тәрбиелеуді қатты қалайды. Сондықтан да олар балаларын теріс қылық жасамайтын, қателеспейтін, тәртіпсіздік істемейтін, орнықты, сабырлы жақсы адам болдыруға тырысады. Біз алдыңғы жаттығуда ата-аналардың балаларын жақсы адам болдырамын деген «Ұзақ мерзімдік мақсаттары» барын дәлелдедік. Балалар, әсіресе, кішкентай балалар, кез келген нәрсені қызықтап, ескертпей алу, қажетті затты бүлдіру, сындыру және басқа балалармен дұрыс қатынаса алмай, төбелесу, басқаның затын тартып алу қатарлы әрекеттер істейді, бұл әрекеттердің барлығы да баланың әлеммен, қоршаған ортамен өзінше танысу процесі

болып табылады. Бірақ қойған заты сол орнында тұрмаса, басқалардың аузынан баласы туралы жайсыз сөз естіп, «құлағына қоңырау ілінсе», кейбір ата-аналар оған төзе алмайды. Осы кезде ғана баласын тәрбиелейтін уақыт жеткенін түсініп, «ҚАЛАЙ?» деген сұраққа жауап іздей бастайды. Біз сіздерге бала тәрбиелеудің оң әдістерінен қолдануға кеңес береміз.

5.4. Ата-анасы, заңды қамқоршысы, туыс-туғаны, мұғалім, тәрбиешілері баланы өсіріп, тәрбиелеуде, білім беріп, асырап-бағуда зорлық-зомбылықсыз, дұрыс тәрбие әдістерін қолданады.

*«Балаларды қорғау туралы» заңнан*

**Б**

Бала тәрбиелеудің оң әдістері дегеніміз баланың өз қалауынша түрлі мінез көрсетіп, ойына келгенін істеп, мәселе шығарса, дереу ат үсті шара қолданып, ұрсып, ұрып-соғу ЕМЕС. Бала тәрбиелеудің оң әдістері баланы біртіндеп тәрбиелі болдыру, түсіністікпен қатынасу,

баланы құрметтеп әрі оның құрметіне ие болу, қалай дұрыс шешім қабылдау керектігін оған үйретіп, түсіндіру, баланың шыдамын, өзіне деген сенімділігін қолдау, басқаны құрметтеуге үйрету БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.<sup>18</sup>


**Г**

Сурет 1:

Мен сіздерге бала тәрбиелеудің оң әдістеріне арналған қысқаша таныстыру бейнежазбасын көрсетейін.

Сілтеме:

<https://www.youtube.com/watch?v=zzbYAG1g4MI>





Бейнежазбаны көрсеткен соң, «Сурет 2» жайында қосымша мағлұмат беріледі. Біз бала тәрбиесін құрылыс салуға балайтын болсақ:

- Сабақтың басында орындаған жаттығудағы 25 жылдан кейін ұлымызды/қызымызды қандай адам болдырып тәрбиелеуді қалайтындығымыз біз үшін «Ұзақ мерзімдік мақсат», яғни құрылыстың тағаны болып табылады. Сондықтан сіз балаңызды тәрбиелеуде, күнделікті кездесетін оқиғаларға, күйзеліске бой алдырмай, балаңызды келешекте қандай адам болдырып тәрбиелегіңіз келетінін ойлай жүріп тәрбиелегеніңіз жөн.

- Ата, анасының балаларын қатты жақсы көретіндігін нақты көрсетуін, тыныштандырып, қамқор болуын, айтқандарын тыңдап, ой бөлісіп, қолдап, көмектесуін баламен жылы, жақын қатынасу дейміз. Сондықтан сіз балаңызбен мейіріммен, жылы, жақын қатынассаңыз, балаңыз өзіне-өзі сенімді адам болып өседі.

- Балаңызды түсініңіз және одан не қалайтыныңызды өзіне анық түсіндіріңіз. Мысалы: 4 жастағы балаға 15 жастағы баламен сөйлескеніңіздей, нұсқау бере алмайсыз. Олай болса, 4 жасар баланың жасына, физиологиялық ерекшелігіне сәйкесетін әдіс-тәсілдермен айтып, түсіндіргеніңіз жөн.

- Әр бала - қайта қайталанбайтын, өзгеше бір жаратылыс. Олардың осы өзгеше ерекшелігі әрқайсысының артықшылығы немесе осал тұсы болуы мүмкін. Сондықтан үлкендер, біздер, баланың жеке басының ерекшелігін, жас ерекшелігін танып, түсіне білуіміз баламызды түсінуімізге себін тигізеді және біз олардың дамып, жетілулеріне нақты көмектесе аламыз.

- Ең соңғы бөлік, яғни құрылыстың шатыры - мәселені шешу: қандайбір мәселе туындаса, балаңызды тәрбиелеуде алға қойған «ұзақ мерзімдік мақсатыңызды» іштей саралап, пайымдап, балаңызбен мейіріммен, жақын, жанашыр көңілмен қатынасып, кез келген жағдайды түсіндіріп, бала қалай ойланатынын, не сезінетіндігін түсіну арқылы, мәселені дұрыс жолдармен шешуге дағдыланыңыз. Осы 5 принцип түгелдей БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ОҢ (ДҰРЫС) ӘДІСІ деп аталады.

Сурет 2:



# Бекітуге арналған жаттығулар:

## жаттығу: /25 минут/

### Оқытушы:

Тәрбие берудің дұрыс жолдарын қолдану арқылы біз баламызға қандайбір мәселені зорлық-зомбылықсыз жолдармен шешуді, басқаның көңілін, сезімін түсініп, бөлісуді, өзін құрметтеп, жақсы көруді, адам құқығын және басқаларды құрметтеуді үйрете аламыз.<sup>19</sup>

Енді барлығымыз алдында орындаған жаттығуымызды тағы бір орындап көрейік. Оқытушы қатысушыларды 4 топқа бөліп, әр топқа төмендегі жағдаяттарды береді. Топтар әңгімелесе отырып, жағдаяттарда айтылған мәселелерді тәрбие берудің оң әдістерін пайдаланып, қалай шешудің жолдарын табу тапсырылады. Уақыты 10 минут.

### Бірінші топ:

Сіз жұмыстан келгенде, балаларыңыз үйді заттарды шашып тастапты. Сіздің «үйді жинаңдар!» дегеніңізді мүлде естімегендей, одан сайын шаша берді. Мұндай жағдайда балалардың әрекетін қойғызу үшін, сіз қандай оң тәрбие әдістерін қолданар едіңіз?

### Екінші топ:

Сіз балабақшадан балаңызды алуға барғанда, мұғалімі балаңыздың қасындағы баланы тырнап алғанын, мұғалімнің «қой» дегеніне қоймай, тілін алмағандығын айтты. Мұғалім сізге: «Балаңызға бұл мәселені өзіңіз түсіндіріңіз» деді. Сіз балаңызға тәрбие берудің қандай жолдары арқылы түсіндірер едіңіз?

### Үшінші топ:

Кешкісін сіз жұмыстан келсеңіз, 5 жасар ұлыңыз анасының телефонымен ойнап отыр екен. Тамақ ішетін уақытта «Телефонды қойып, тамағыңды іш» дегенді тыңдамай, ойынын жалғастыра берді. Сіз 2-3 рет «тамағыңды іш» деп ескерттіңіз. Ол телефонды берместен, тамақтанып отырып та, ойнай берді. Мұндай жағдайда сіз оң тәрбие әдістерін пайдаланып, бұл мәселені қалай шешер едіңіз?/

### Төртінші топ:

Балабақшаға баратын уақыт болды. 4 жасар қызыңыз ұйқысын аша алмай жатыр. Сіз жұмысыңыздан кешігетін болдыңыз. Қызыңыз тұрмады. Мұндай жағдайда сіз қызыңызды балабақшаға уақытында жеткізіп, әрі өзіңіз жұмысыңыздан кешікпес үшін, қандай оң тәрбие жолдарын қолданып, не істер едіңіз?

Топтар тапсырманы қалай орындағандарын бір-біріне таныстырады. Осы кезде оқытушы қатысушылардың тәрбие берудің оң әдістерінің принциптерін өмірде қалай пайдаланып жүргендерін, балалардың жас ерекшеліктерін қаншалықты ескеретіндерін бақылап, қажет болса, қосымша мағлұматтар береді.

<sup>19</sup> «Хүмүүжлийн эерэг арга» ұласпалы видео <https://www.youtube.com/watch?v=zzbYAG1g4MI&t=20s>



**Қорытынды:**

Оқытушы қатысушылар орындаған соңғы тапсырмаға негіздей отырып, тәрбие берудің дұрыс жолдарын күнделікті қалай пайдаланып, дағдыға айналдыруға болатындығын түсіндіре отырып, сабақты қорытындылайды.

## ОҚЫТУШЫҒА БЕРІЛЕТІН ҚОСЫМША АҚПАРАТТАР:

2003-2006 жылдары БҰҰ-нан жүргізілген «Балаларға қарсы зорлық-зомбылық жағдайына жасалған зерттеу жұмысының» есебінде қоғамдық барлық ортада балаларға қарсы физиологиялық және психологиялық жазалау жаппай орын алғандығын айқындаумен қатар, жазалауды тәрбиелеудің жолы, әдісі деп түсінетін көзқарас кең етек алғандығы айтылады.

Және «Балаларға қарсы физиологиялық және басқа кемсіту, мазақтау сияқты жаза түрлерін жоюдың бірден-бір жолы **ата-аналардың балаларын зорлық-зомбылықсыз тәрбиелейтін көзқарас қалыптастыруларына қолдау көрсету болып табылады.**» деген үндеу жарияланды. «Балалар құқығы туралы», «Балаларды қорғау

туралы», «Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресу туралы», «Білім туралы» қатарлы заңдарда «Ата-ана, заңды қамқоршы, асырап-қолдаушы, туыс-туған, мұғалім, тәлімгерлері балаларды өсіріп, тәрбиелеуде, білім беруде, асырап-бағуда зорлық-зомбылықсыз тәрбие тәсілдерін қолданады» деп анықтап көрсеткен. Қоғамдағы тәрбиенің оң әдістері туралы ғылыми түсінік, білім, көзқарас әлі де қалыптаса берген жоқ, оның үстіне, әдіс-тәсілдер кең тарампағандықтан, балаларға қарсы физиологиялық және психологиялық жазалаулар мен зорлық-зомбылық қолданылумен келеді. Сондықтан ата-аналар балаларын қандайбір зорлық-зомбылықтан қорғаумен қатар, өздері әлімжеттілік жасамау үшін, тәрбиелеудің дұрыс жолдары кең етек алатындай етіп, таратуымыз қажет

### Ата-аналар балаларын қандай адам болдырғылары келеді?

Тек ғана біреудің айтқанымен жүре бермей өз ақылымен дұрыс бұрысты ажырата алатындай адам болғанын қалайды. Олар өздері жанында болмаған кезде де балаларының дұрыс шешім қабылдай алатындай шыдамды болғандарын қалаумен бірге, үнемі дұрыс іс істесе екен деп тілейді.

Балаларының басқаларды тілімен және денелей мазақтап, жараламауын қалайды.

- Басынбау;
- Жаман, жексұрын қылық көрсетпеу;
- Басқа балаларды ұрып-соқпау;
- Достасып, кездесіп жүрген адамына қоқан-лоққы жасап, мазақтамау;

Балаларымен жақсы қарым-қатынаста болуды қалайды.

- Жақын, жуық болу;
- Сенім;
- Жақсы қарым-қатынас;

Психологиялық жағынан сау болуын қалайды.

- Бақытты болу;
- Сенімді, көңілді болу;
- Көңілсіздік, қиыншылық, күйзелісті жеңе алатындай шыдамды болу;

Баласын қауіпсіз болдыруды қалайды.

- Мерттігу, жарақат алуын барынша азайту;
- Қауіп тудыратын жағдайларды мүмкіндігінше аз болдыру;

Балаларының мәселе шығармағанын қалайды.

- Қылмыс, қайшылыққа ұрынбау;
- Басқаның затын, дүниесін бүлдіріп, шығынға ұшыратпау;
- Қоғамға қарсы әрекет жасамау;
- Қоғамдық өлшемдерге бағыну;

Сондықтан 2018 жылы ОБЖДБ-нан «Баланы дұрыс тәрбие әдістерімен тәрбиелейік!» атты жорық ұйымдастырылды.

### **Пайдаланылған материалдар:**

1. «Балаларды қорғаудың негізі», Жапонияның Балаларды қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы, 2010 жыл;
2. «Өдөр тутам хэрэглэх хүмүүжлийн эерэг арга» Ата-аналар мен мұғалімдерге арналған 2 томдық көмекші құрал, Жапонияның Балаларды қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы, 2010 жыл;
3. «Тәрбиелеудің дұрыс жолдары» ұласпалы видео <https://www.youtube.com/watch?v=zzbYAG1g4MI&t=20s>

### **Толық мәлімет алу үшін оқып, танысуға болатын материалдар:**

1. «Өдөр тутам хэрэглэх хүмүүжлийн эерэг арга» Ата-аналар мен мұғалімдерге арналған 2 томдық көмекші құрал, Жапонияның Балаларды қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы, 2010 жыл;
2. Ж.Батдэлгэр, О.Болор, С.Сэлэнгэ «Гэр бүлийн гарын авлага, Бага насны хүүхдийн хөгжил 3-5 нас», Англияның Балаларды қолдау қоры, Улаанбаатар, 2009 жыл;
3. Моңғолияның Мемлекеттік Стандарты, Мектепке дейінгі білім, кішкентай балалардың дамуы, Улаанбаатар, 2011 жыл;
4. Хүүхдийн эрхийн сургалтын дэвтэр, Гүүд Нэйборс Моңғол халықаралық ұйымы, 2015 жыл;
5. «Ярилцаж чадвал хамгаалж чадна» ата-аналар мен мұғалімдерге арналған көмекші құрал, «Балаларды қорғаудың ұлттық желісі» үкіметтік емес ұйымы, 2016 жыл;
6. «Балаларды қорғау туралы» заң, 2016 жыл;
7. «Отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресу туралы» заң, 2016 жыл;
8. «Отбасы - бала тәрбиесінің алғашқы ортасы» ата-аналардың мемлекеттік кеңесінің жинағы ЕӘҚМ, ОБЖҚБ, «Дэлхийн зөн» ХҰ, 2017 жыл;

# САБАҚ 4:

## КІШКЕНТАЙ БАЛАЛАРДЫ ҚАТЕРЛІ ЖАҒДАЙҒА ҰШЫРАУДАН АЛДЫН АЛА САҚТАНДЫРУ, ҚОРҒАУ

### **Сабақтың мақсаты:**

Бұл сабақта ата-ана, қамқоршылар кішкентай балаларға жасалатын зорлық-зомбылықтар, оның ішінде, алдын ала сақтандыру, ақпарат беру, сондай-ақ, құпия жағдай туралы қалай әңгімелесудің әдіс, техникасын үйренеді.

### **Күтілетін нәтиже:**




Ата-ана\қамқоршылар кішкентай балалармен олардың денесінің қай бөлігі жасырын болатындығы, оны қалай қорғау керектігі туралы әңгімелесудің жолдарын, техникасын үйрену;

Кішкентай балалармен душар болуы мүмкін қауіп-қатер, күдікті жағдайлар мен жағымсыз құпиялар жайында, сондай-ақ, қандайбір зорлық-зомбылықтың белгілері байқалған жағдайда қалай хабарлау керектігі туралы әңгімелесуді үйрену;

Кішкентай балалармен қандайбір күдікті жағдайда немесе зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келген кезде, өзін қалай қорғау керектігі туралы әңгімелесуді, тәжірибе жасату арқылы түсіндіруді үйрену;

Кішкентай балаларға кездесуі мүмкін әлімжеттілік туралы білімдерін бекітіп, пысықтау;

Кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау үшін отбасы мүшелерінің ұстануға тиісті тәртіп, ережелер, дағды, әдеттер туралы үйреніп, тәжірибе жинақтау;

№		Іс-әрекет	Уақыт	Сабақ формасы	Қажетті оқу құралдары мен материалдар
1		Сабақтың таныстыруы	<b>2 мин</b>	Еркін әңгімелесу, талқылау	
2		Әрекет <b>1:</b> «Цэцэннің бауырлы болуы»	<b>20 мин</b>	Топпен істейтін тәжірибе; Талқылау, әңгімелесу; Сабақты бекіту;	Суретті парақша; Оқытуға арналған қуыршақтар (ұл, қыз);
3		Әрекет <b>2:</b> «Никитаға кездескен оқиға» жаттығу	<b>15 мин</b>	Жаттығу; Әңгімелесу, талқылау;	«Никитаға кездескен оқиға» жағдаят; Үстел театры;
4		Әрекет <b>3:</b> «Отбасы ережесін қалыптастырайық» тәжірибе	<b>18 мин</b>	Тәжірибе; Талқылау;	Қатысушылар санына сәйкес қағаз, қалам;
5		Бекіту, қорытындылау	<b>5 мин</b>	Әңгімелесу	


# Әрекет 1:

## “Цэцэннің бауырлы болуы”


### жаттығу: /20 минут/

Оқытушы «Сурет 3-ті» қатысушыларға көрсете отырып, төменде берілген мәтінді оқып береді.

Сурет 3:







«Цэцэн інілі болды. Бір күні ол бауырын бөлеуден бұрын көрді,оның денесі өзінікінен өзгеше екендігіне таңғалып, әке, шешесінен себебін сұрады.»

### **Оқытушы:**

Оқытуға қатысушы ата-аналардан бір әке, бір шешенің өз қалауларымен ортаға шығып келулерін сұрайды. Шешеге Цэцэннің өзі болып,ал әкеге Цэцэннің әкесі болып ойнауды тапсырады.


Сонымен қатар,оқытушы қатысушыларға рөлде ойнаған кездерінде, ер адам мен әйел адамның дене бітімдері неліктен өзгеше болатындығын,«дененің құпия» бөліктері мен олардың атауларын үйретіп, түсіндіріп берулерін ескертеді. Қатысушылар рөлмен ойнаған кезде алған әсерлері мен өздерінің тәжірибелерінен бөліседі. Оқытушы қатысушыларға адам денесінің ерекшелігі, «ҚҰПИЯ БӨЛІГІ» туралы балалармен ашық әңгімелесіп отыруға кеңес береді.

Қатысушылар рөлде ойнап болған соң,аталмыш рөлде ойнаудың қалай болғандығы, қандай қиындықтар кездескендігі туралы ой-пікірлерін ортаға салып, әңгімелеседі. Ата-аналар тарапына кішкентай балалармен дененің құпия бөліктері, құпия мүшелері жайында ашып айтудан ұялу,олардың атауларын жақсы білмеу,бұл жайында баламен қашан, қалай әңгімелесу туралы тәжірибенің жоқтығы қатарлы көпке ортақ қиындықтар кездеседі.

Оқытуша бұл жағдайды ескере отырып, ата-аналарға кішкентай балаларымен денесінің құпия бөлігі, құпия мүшесі туралы қалай әңгімелесу, не айту керектігі туралы видео (Сурет 4)көрсетеді.

Мультфильмнің ғаламтордағы сілтемесі: <https://www.youtube.com/watch?v=laJyJT1cF7c&t=5s>

Сурет 4:



Одан соң мультфильмдегі ат, атаулар, кішкентай балалармен әңгімелесудің техникасы, әдістері туралы ата-аналардың пікірін тыңдап, қысқаша әңгімелеседі.

### **Ескерту:**

Оқытушылар, ата-ана, қамқоршыларға баланы суға түсіріп, жуындырған кезде немесе киіндірген кезде, «Ұлым/қызым, «құпия жерің» қайда, қайда болатын еді? Оны кімнің, қандай мақсатты ұстауына, жолауына болушы еді? Егер біреу сенің «құпия жеріңе» тиіссе, ұстаса, сен не істейсің?» деп сұрап, сыныпта оқып, танысқан сабақ мазмұнын үйде пысықтап, бекіту керек екендігін айтып, үйретіңіздер.

## Әрекет 2.

# “Никитаға кездескен оқиға”<sup>20</sup>

жаттығу: /20 минут/

### «Никитаға кездескен оқиға» жаттығу

Оқытушы төменде берілген оқиғаны ата-аналарға «камишибай»<sup>21</sup> әдісі арқылы рөлмен оқып беріп, таныстырады.

*Мен сіздерге Никитаға кездескен бір оқиғаны баяндап берейін. Никита достарымен бірге әрі-бері жүгіріп ойнағанды жақсы көретін, өте ширақ бала еді. Анасы үйдегілерді тамақ ішуге шақырғанда, ол үстел басына ең алдымен келіп отыратын. Бірақ бір күні Никита үйге күндегісінен ерте келіп, терезеден көшеге телміріп, мұңайып отыра берді.*

*Аздан соң анасы барлығын кешкі асқа шақырды. Никита «қарным ашқан жоқ» деп, дастарқан басына келіп отырмады. Анасы оны «ауырып қалған болар?» деп ойлап, төсегіне жатқызып, таңқурай шайын дайындап берді. Бірақ Никита ұйықтай алмай, дөңбекши берді. Ақыры төсегінен тұрып, тағы да терезе алдына барып, ойға батып отырды.*

*Никита «...Сен неге мұңайып отырсың?», - деген қарлыққан дауысты естіді. Ол селк етіп, дауыс шыққан жаққа қарап еді, терезенің алдында бір үлкен Үкі отыр екен. Ол аяғын айқастырған қалпы, балаға жақындай түсіп, оған аса мұқият қарап:*

- *Сонымен саған не болды? - деп сұрады.*
- *Сен кімсің? Сен сөйлей аласың ба?*
- *Мен Кәрі құспын. Мен тек мұңайған балалардың ғана жанына ұшып келемін. Сондықтан сенің қасыңа келдім.*
- *Сен сөйлей аласың ба?*
- *Иә, бірақ сен неге мұңайып отырсың?*
- *Аа, мен...- Никита тағы да мұңая күрсінді.*
- *Егер сен маған барлығын айтсаң, мен саған көмектесе аламын.*
- *Сен маған көмектесе алмайсың. Өйткені мен «сырды сақтаймын!» деп уәде бергенмін, - дегенді Никита ақырын, сыбырлап қана айтты.*
- *Сонда сен сол сырдан болып, тамақ іше алмай, ұйықтай алмай жүрсің бе?*
- *Иә.*
- *Жақсы сыр сені ұайымға салып, бақытсыз етпейді. Тек жаман, нашар құпия ғана баланы қинайды. Ал жақсы адамдар балалардың жаман сырды сақтауын қаламайды.*

<sup>20</sup> Методические рекомендации для родителей, воспитателей и психологов к брошюре “Я могу защитить себя”, Екатеринбург 2013, 20-бет

<sup>21</sup> «Камишибай» дегеніміз үстел қуыршақтарының театрландырылған әдісі, бұл әдіс Жапонияда, оқыту қызметінде жаппай қолданылады.

Содан Никита Кәрі құсқа құпиясын айтпақ болып оқталды.

«Біз ойнайтын алаңға анда-санда бір ағай келетін. Ол бізбен машина, велосипед жайында әңгімелесіп, бізге үнемі кәмпит үлестіретін. Бүгін ол тағы да келді. Әдеттегісінше бізге кәмпит ұсынып, «қызықты нәрсе көрсетемін» деді. Дима екеуіміз оған еріп баруға келістік. Әлгі ағай екеуімізді ешкім жоқ бір құрылыстың бұрышына ертіп апарып, біздің денеміздің «құпия бөлігіне» тиісті. Дима жылай бастап еді, ағай бізге: «Екеуің өздерің кінәлі болғандықтан, ешкім де бізге сенбейді. Сондықтан ешкімге айтпаңдар!», - деді» - деп, Никита жылап жіберді.

Кәрі құс балаға таяп келіп: «Сенің бұл

### Оқытушы:

Жоғарыдағы әңгімеде не туралы баяндалғаны жайында, жаман сыр туралы, қатерлі, күдікті жағдай туындағаны туралы, Никитаның сырын анасына айтпай, неге жасырғаны туралы ата-ана, қамқоршылармен шағын әңгіме өрбітеді.

Содан соң, мұндай жағдайдан алдын ала сақтану туралы балалармен қалай әңгімелесу керектігі, бала қандай іс-әрекет жасау керектігі туралы **«Қауіпсіздіктің 3 ережесін»** (Сурет 5-7) таныстыру тәжірибесін қатысушыларға орындатады. Онда тәжірибе істеу үшін, қатысушылар жұп-жұбымен бір-бір топ болады. Топтың бір мүшесі - Никита, ал келесі мүше оның ата-анасы немесе қамқоршысы болып, әңгімелесіп, рөлде ойнайды. Топтар рөлде ойнаған кездегі әсерін, тәжірибелерін ортаға салып, әңгімелесулеріне болады.

оқиғаны айтқаның өте жақсы болды. Кейбір үлкен адамдар балаларға жамандық жасап алып, онысын өздері жасырғылары келеді. Сен бала болғандықтан, сенің кінәң жоқ. Сені алдаған үлкен адам ғана кінәлі. Мұндай сырды сақтауға болмайды. Қандайбір сырды сақтау саған қорқынышты әрі мұңлы сезілсе, бұл туралы өзің сенетін жақын адамдарыңа міндетті түрде айтуың керек. Ол адамдар сенің әке-шешен, мұғалімің, ата-әжең болуына болады.» - деді.

- Олар маған ұрысса қайтемін?

- Никита, сен шындықты айтып, көмек сұрауың керек. Олар саған ұрысса, сені мұқият тыңдап, көңіл бөлетін келесі адамды табуың керек. Никита біраз ойланып отырды да:

**- Саған рақмет. Мен анама айтамын, - деді.**

1-ереже:

**«Жоқ!» деп айқайла.**

Сурет 5:



2-ереже:

**Қашып кет.**

Сурет 6:



3-ереже:

**Сенуге болатын адамға айт.**

Сурет 7:



# Әрекет 3.

## “Отбасы ережесін қалыптастырайық”

### **Оқытушы:**

Әрбір қатысушыға бір-бір кішкентай қағаз береді. Бұл қағазға кішкентай балаларды зорлық-зомбылықтан алдын ала сақтандыру үшін, отбасымен ұстанатын «Отбасы ережесін» әзірлеп жазуды тапсырады. Ол үшін тек өз тарапынан, өз көзқарасы бойынша ғана емес, отбасындағы барлық мүшелердің көзқарасын сыйдырып жазу қажет. Тапсырманы орындауға 5 минут беріледі.

### **«Отбасы ережесінің» мысалы:**

Тек жаңуя мүшелері ғана білетін есік қағу коды болу. Бұл қандайбір бейтаныс адамның үйге кіріп, зиян тигізуінен алдын ала сақтайды.

Балалар қандайбір қателік жасаса, оларға айқайлап, ұрыспай-ақ, оң тәрбие әдістерін пайдаланады.

Кішкентай баланы қандай жағдай болса да, қатерлі, күдікті ортаға қалдырып кетпеу деген сияқты болуға болады.

Одан соң қатысушылардан әзірлеген үй тапсырмаларын таныстыруларын сұрайды.

### **Ескерту:**

Оқытушы ата-аналарға үйде отбасы мүшелерінің барлығымен бірге отырып, ереже әзірлеп келіп, таныстыруды тапсырмаға беруіне болады.

### **Қорытынды.**

Оқытушы қатысушылардан кішкентай балаларды зорлық-зомбылыққа ұшыраудан қорғау үшін отбасы мүшелері, балабақшаның мұғалім, қызметкерлері, мемлекеттік қызмет көрсету бірліктері қалай ынтымақтаса жұмыстауға болатындығы туралы, балаларға қарсы зорлық-зомбылықты мәлімдеу реті мен қолданылатын шара мөлшері туралы қайталап сұрап, пысықтайды. Қанағаттанарлық ақпарат ала алмаса, қайтадан түсіндіріп береді.

## ОҚЫТУШЫ ТАРАПЫНАН БЕРІЛЕТІН ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Балаларға қарсы зорлық-зомбылықпен күресу тек полиция, заң ұйымдарының ғана атқаратын ісі емес және бұл мәселені ата-аналар, азаматтар - күллі халық жұмыла күресу арқылы ғана тоқтата аламыз. Ол үшін балаларға қарсы жасалған зорлық-зомбылықтың ешбіріне немқұрайлы қарамай, орын алған келеңсіз жағдайлардың барлығын уақыт өткізбей мәлімдеуге тиісті міндетімізді орындауымыз аса маңызды. Мұндай жағдайды сұмын,

ауылжайлардағы біріккен топ мүшелері болып саналатын сақшы, дәрігер, әлеуметтік қызметкер, әкімдерге мәлімдеумен қатар, балаларға көмектесуші 108 нөміріне хабарлауға болады. Олай етпесек, зорлық жасаушының жазадан құтылып кетуіне немесе келесі бір әлімжеттік іс жасауына мүмкіндік тудырамыз.

### **Толық мәлімет алу үшін оқитын материалдар:**

Ж.Батдэлгэр, О.Болор, С.Сэлэнгэ «Гэр бүлийн гарын авлага, Бага насны хүүхдийн хөгжил 3-5 нас», Англияның Балаларды Қолдау қоры, Улаанбаатар, 2009 жыл;

«Өдөр тутам хэрэглэх хүмүүжлийн эерэг арга» ата-аналарға арналған 2 томдық көмекші құрал, Жапонияның Балаларды Қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы, 2010 жыл;

«Моңғолияның Мемлекеттік Стандарты» «Мектепке дейінгі білім беру, кішкентай балалардың дамуы», Улаанбаатар, 2011 жыл;


«Хүүхдийн эрхийн сургалтын дэвтэр», «Гүүд Нэйборс-Монгол» ХҰ, 2015 жыл;

«Ярилцаж чадвал хамгаалж чадна» ата-аналарға арналған көмекші құрал, «Балаларды қорғаудың ұлттық желісі» үкіметтік емес ұйымы, 2016 жыл;

«Балаларды қорғау туралы» заң, 2016 жыл;

«Отбасылық зорлық-зомбылықпен күресу туралы» заң, 2016 жыл;

«Ээж аавын ном», Жапонияның Балаларды Қолдау қорының Моңғолиядағы бағдарламасы, 2017 жыл;



# САРЫ КІТАП



Кішкентай  
балаларға  
зорлық-  
зомбылықтан  
өздерін қорғауға  
қатысты білім,  
біліктерді  
үйретуге арналған  
оқыту модулі



# Оқыту бағдарламасы

1:

2:

3:

4:

<p><b>«Менің денем»</b> /25 минут/</p>	<p><b>«Жақсы ма, жаман ба?»</b> /25 минут/</p>	<p><b>«Менің денеме қатысты қауіпсіздік ережелері»</b> /25 минут/</p>	<p><b>«Мен өзімді қорғай аламын»</b> /25 минут/</p>
<p>«Менің денем - менің ғана денем»</p>	<p>«Жағымды және жағымсыз әсерлер»</p>	<p>«Сенімді адамдар»</p>	<p>«Бейтаныс адам»</p>
<p>«Ескерткіш» қозғалысты ойыны</p>	<p>«Менің басқалар ұстауға, тиісуге болатын, болмайтын мүшелерім»</p>	<p>«Құпия сыр»</p>	<p>«Есікті кімге ашу керек?»</p>
<p>«Есікті кімге ашу керек?»</p>	<p>«Қауіп дабылы»</p>	<p>«Қауіпсіздікке қатысты үш ереже»</p>	<p>«Тиімді жолын табайық!»</p>



# Іс-әрекет 1

## «Менің денем – менің ғана денем»:

### Оқытушы балаларға:

«Балалар, тоңазытқышта әртүрлі тәтті-дәмділер - балмұздақ, балкүлше бар деп елестетіңдер. Сендер тоңазытқышқа қалай, қайтіп жетесіңдер? Тоңазытқышты ашып, тәттілерді алып жегенде, біздің қай мүшеміз оған ең алдымен жетеді?»

Аяғымыз тағы қандай міндеттер атқарады?

Қолымыз не үшін қажет?

Көз не үшін керек?

деген сияқты сұрақтар бойынша әңгімелесеміз.

**Одан соң біздің дене мүшелеріміздің әрқайсысының өзіне тән қандайбір міндет, қызмет атқаратындығын дәлелдеу үшін, бірге тәжірибе жасап, ойнаймыз.**

«Балалар, біздің денемізде қажетсіз мүше бар ма?», - деп сұрап, балалардың жауабын тыңдаймыз. Егер балалар дене мүшелерінің қайбірін қажетсіз деп санайтын болса, мұғалім балалармен бірге тәжірибе жасап көруіне болады. (Шынтақты бүкпей доп қағысып ойнау, тіс жуу қимылын жасау, тізені бүкпей жүгіру, саусақтарды пайдаланбай, түймені түймелеу, шешу сияқты қимыл-қозғалыстар арқылы тәжірибе жасап көреді.)

### Оқытушы:

Біз осыншама көп пайдасы бар қол, аяқ, көз, ауыз, мұрнымызды барынша аялап, қорғап жүруіміз қажет. Олай болса, сендер өздеріңнің дене мүшелеріңді қалай қорғап, аялайсыңдар? - деген сұрақ төңірегінде әңгімелесеміз.

# Әрекет 2

## “Ескерткіш” қозғалысты ойыны:

Ойынға 15-20 бала қатысады. Ойынды көңілді, қызықты, барлық бала белсенді қатысатындай етіп ұйымдастыру маңызды. Ойын ережесімен таныс болайық.

Балалар тізелерін жоғары көтеріп, бөлмеде әрі-бері еркін жүреді. Жүрген кезде, оқытушының сөзін мұқият тыңдап, сөйлемді жалғастырып, толықтырып айтады.

### Мысалы:

Оқытушы **«Жылдам жүгіру үшін...»** дегенде, балалар **«аяқ қажет»** деген сияқты, алдымен тақпақты қайталайды.

«Жылдам жүгіру үшін... **аяқ керек,**  
Алысты көру үшін... **көз керек,**  
Құрастырып, жасау үшін... **қол керек,**  
Ертегі тыңдау үшін... **құлақ керек.**

Бұл ойынға қатысушы барлық бала,

**Қандайбір ескерткішке айналсын!»** - деп, барлығы біркелкі қатты айтып, әртүрлі ескерткішке айналады. 2-3 рет ойнағанда, әркім өзі қалаған бейнені жасауына болады. (Ойын барысында мұғалім балалардың бір-біріне еліктемей, біреудің істегенін қайталамай, өз қалауымен болғанын қадағалайды.)

### Мұғалім балалардан:


- Ескерткіштер бірдей ме?
- Неге әртүрлі?
- Бізді кім қозғалтып тұр?
- деген сұрақтар сұрап, әңгіме өрбітеді.

Жоғарыдағы әрекеттер мен пысықтау ойындары арқылы балалар денеміздің әрбір мүшесінің атқаратын міндеті барын, қажеттілігін, бағалы, құнды екендігін сезінеді.

# Әрекет 3

## «Цэцэннің бауырлы болуы»

Сурет 2



Суреттегі бейнелерге мұқият назар аудара отырып, әңгімелесейік. Берілген көрнекілікті (Сурет 2) пайдаланып, Цэцэн мен Мэргэннің неліктен бұлай киінгендерін түсіндірейік. Балалар әртүрлі ортада (сыртта, сынып, кабинетте, үйде, моншаға түскенде...) денелерін қорғау үшін, лайықты, ыңғайлы киімдер кию керектігін білсе де, жасырын мүшелерін жабу мақсатында іш киім кию керектігін түсіне бермейді. Мұны балаларға **«Цэцэннің бауырлы болуы»** мәтіні арқылы түсіндіреміз.

Балаларға «Цэцэннің бауырлы болуы» мәтінін оқып береміз. (Сурет 3)

Цэцэн кішкентай інілі болды. Бұл қуанышын бөлісу үшін ол досы Мэргенді үйлеріне шақырды. Ата-анасы бауырын бесікке бөлеген кезде, Цэцэн оның «әтпүшін» көріп, қатты таңданды.



Мұғалім мәтінді оқу барысында, сәл кідіріс жасап:

- Балалар, Цэцэн неге таңданды?  
- Ал Мэргэн таңданды ма? Неліктен? Сендер қалай ойлайсындар? деген сияқты сұрақтар қоя отырып, әңгімелеседі. Мұғалім мәтінді жалғастырып оқиды.

...Сосын өзінікінен өзгеше болуының себебін анасынан сұрады. «Ер адамдар мен әйел адамдардың дене бітімдері бірдей болғанымен, жыныстары өзгеше болады. Бұл біздің жасырын мүшеміз болып саналады. Оны «жыныс мүшесі» деп атайды. Адам денесінің бұл бөлігі ерекше аяулы болғандықтан, басқаларға албаты көрсетуге болмайды. Үнемі іш киім киіп, жасырып, жауып жүрген жөн. Сондықтан дененің бұл бөлігін біреуге көрсетуге, ұстатуға, жолатуға болмайды. Сонымен қатар, басқаның да жасырын

жеріне қарауға, жолауға, тиісуге болмайды.» - деп анасы түсіндіріп берді. (Қажет болса, қайталап оқып беріп, түсіндіреміз.)

Одан соң ұл бала мен қыз баланың өзіндік ерекшеліктерін көрсететін қуыршақ пен суретті көрнекілікті пайдалана отырып, жасырын мүшені анатомиялық атауы бойынша атауды үйретеміз.

Бірінші сабақтың соңында балалардан өзінің денесіндегі жасырын жерлерін біреуге көрсетуге немесе біреудің ұстауына, тиісуіне жол бермеуді, сондай-ақ, басқаның жасырын мүшесіне қарауға, жолауға болмайтындығын түсінген, түсінбегендіктерін анықтап сұраймыз. Егер жақсы түсінбеген болса, Сурет 2-ні пайдаланып, дененің жасырын бөлігін аялап, қорғау керектігі туралы қайталап айтып, түсіндіреміз.

## МҰҒАЛІМГЕ КЕҢЕС:

**1**

Түрлі жұмыстар ұйымдастырғанда, жоғарыдағы тақырыптық топтама *«Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасындағы»* «өзін сезіну, түсіну», «адамдардың өзара айырмашылықтарын түсіну, оған құрметпен қарау» қатарлы біліктерді игертуде қолдау, көмек болатындығын ескеріңіз.

**2**

*«Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында»* мұғалімнің міндеті мен қатысымы төмендегідей көрсетілген:

- Баланы атымен шақырып, қатынасады.
- Баланың көңіл күйін сезініп, түсінеді, құрметпен қатынасады.
- Баланың өзін және дене мүшелерін танып білуіне қатысты тақырыптар аясында жұмыстар ұйымдастырады. Мысалы: «Менің денем» тағы басқа.
- Балалардың сұрақтарына, арман-тілектеріне ерекше көңіл бөліп, оған жауап береді, орындайды, ой-пікірін, бастамасын қолдайды.
- Қажетті кітап, сурет, көрнекілік материалдар, ойыншық, құрал-жабдықтар, техникалық құралдар және басқа заттарды дайындап, балалардың еркін жұмыстауына мүмкіндік жасайды.
- Балалардың әрбір сұрағына мән беріп, жауабын бірге іздеп табады.
- Балаларға ашу, ызасын басып, өзін ұстаудың жолдарын үйретіп, үлгі-өнеге көрсетеді.
- «Менің денем - менің ғана денем» тақырыбының мазмұнын пысықтап, бекітуде «Дамыту ойындары №1-2»-ні ойнатыңыз.



# Дамыту ойыны №1

## «Киіндірейік»

### Мақсаты:

Жасырын мүшесін анатомиялық атауы бойынша атауоны қорғау туралы ұғымдарын нығайту.

### Қажетті құрал-жабдықтар:


Цэцэн мен Мэргэннің жалаңаш суреттері; Ішкі және сыртқы киімдердің суреті; Қайшы, желім.

### Әдістеме:

Кімді, қандай киімдермен, қалай киіндіруді балалар өздері таңдайды. Таңдаған киімдерін қырқып алып, дене суретіне сәйкестіріп жапсырады. Мэргэн мен Цэцэннің қайбірінің суретін таңдап алып, киіндірген соң, балалардан қандай киім кигізгендерін, денелерінің

қай бөліктерін жауып, жасырғандарын сұрап, әңгімелесу арқылы олардың білім, түсініктерін нығайтамыз. Балалардың іс-әрекеттерін өз бетінше жоспарлауына, жоспарларын жүзеге асыруларына, құрастыруларына, таңдау жасауларына мүмкіндік береміз.

Сурет 4



Ойын-жаттығуды сабақтың негізгі уақытына кіргізбей-ақ, орталықтың жұмысы ретінде ұйымдастыруға болады.



## Дамыту ойыны №2

### «Достардың бір күні»

#### Құрал-жабдықтар:

Ойын суреті сызылған парақ, көшуге арналған 2-4 дана ойыншық (қуыршақ, асық, шахмат баласы болуға болады), 1 дана кубик.

#### Іс-әрекет:

2-4 бала мұғалімдерімен бірге немесе өздері «Сіз ашуланбаңыз» ойынын ереже бойынша ойнайды. Таңнан кешке дейін 36 аядамасы бар жолмен жүріп өтіп, мәреге бірінші болып жеткен ойыншы жеңімпаз болады.

#### Ойын ережесі:

1. Балалар кім бұрын көшетінін «Қайшы, тас, мата» ойынын ойнау арқылы шешеді.
2. Бірінші ойыншы кубикті иіріп, күннің суреті бейнеленген сәреден бастап, текшеде көрсетілген сан бойынша ілгері жүреді.
3. Ойыншылар ретпен текшені иіріп ойнайды.
4. Қар мен жаңбырдың суреті бар аялдамаға дөп келсе, еру болады.
5. Жасыл стрелкаға дөп келсе, жолды қысқартып, төтелеп көшеді, ал қызыл стрелкаға дөп келсе, кейін шегініп көшеді.
6. Мәреге бірінші болып жеткен ойыншы жеңімпаз болады.

# «Достардың бір күні»

Сурет 5

The puzzle grid consists of 30 numbered boxes arranged in a complex shape. The illustrations in the boxes are as follows:

- Box 1: A yellow house with the number 1.
- Box 2: A yellow house with the number 2.
- Box 3: A yellow house with the number 3.
- Box 4: A ballerina in a pink tutu.
- Box 5: A pair of blue polka-dot shorts.
- Box 6: A boy in an orange shirt.
- Box 7: A blue sky with a grey cloud and rain.
- Box 8: A girl with books.
- Box 9: A pair of light blue shorts.
- Box 10: A boy playing tennis.
- Box 11: A night sky with a moon and stars.
- Box 12: Hands being washed under a faucet.
- Box 13: A colorful umbrella.
- Box 14: A girl in a bathtub with a rubber duck.
- Box 15: Two children on a sled.
- Box 16: A girl at a sink.
- Box 17: A boy looking unwell.
- Box 18: A boy in a bathtub with a rubber duck.
- Box 19: A doctor in a white coat.
- Box 20: A sun and a red thermometer.
- Box 21: A red jacket.
- Box 22: A boy eating a meal.
- Box 23: A lollipop.
- Box 24: A purple party hat.
- Box 25: A tennis racket.
- Box 26: A girl at a sink.
- Box 27: A pair of purple boots.
- Box 28: A blue sky with white clouds and snowflakes.
- Box 29: A girl eating a meal.
- Box 30: A blue hat.
- Box 31: Two boys playing soccer.
- Box 32: A pair of yellow socks.
- Box 33: Hands being washed under a faucet.
- Box 34: A green dress.
- Box 35: A soccer ball.
- Box 36: A pink t-shirt.
- Box 37: A girl waking up in bed.
- Box 38: A smiling sun.

A path of green arrows starts from box 1 and winds through the grid, ending at box 38. A red arrow points from box 17 to box 19. At the bottom right, there are four colored circles: light blue, light green, pink, and light orange.

# САБАҚ 2:

## ЖАҚСЫ МА, ЖАМАН БА?

### **Мақсаты:**

Балалардың дененің қай бөлігіне жолауға «болатынын», қайсысына жолауға «болмайтынын» білулеріне, мәселені өз беттерінше шешулеріне қолдау көрсету; Өз ойын, өзін жеткізуіне, басқаны сезініп, түсінулеріне қолдау көрсету;

Бала өзінің жасырын мүшелерін басқаға көрсетуге, ұстатуға болмайтынын естен шығармау және басқаның жасырын мүшесін көруге, тиісуге болмайды деген ұғым, түсінікті бекіту.

### **Құрал-жабдықтар:**

Суретті көрнекілік (Сурет 4-15)  
Қасқыр бейнесіндегі бетперде (маска)- 1 дана.

# Іс-әрекет 1.

## Жағымды және жағымсыз әсерлер

Баланың өзінің денесіне, жан дүниесіне, көңіл күйіне жағымды немесе жағымсыз жағдайларды сезінуіне, басқаларға білдіріп, жеткізуіне, кездескен мәселені өз бетінше, өзінің шамасына сай шешуіне көмектесу үшін төмендегі оқиғаны пайдаланамыз. Балалар кілемге немесе орындыққа жарты шеңбер жасап отырады. Мұғалім Цэцэннің нағашы ағасымен сәлемдесіп тұрған суретін көрсетіп, түсіндіріп айтып береді. (Сурет 6)

Сурет 6



*Цэцэндердікіне анда-санда нағашы ағасы келеді. Ол Цэцэнмен қол алысып амандасады. Цэцэн ағасымен асық атысып, жұмбақ шешісіп ойнайды.*

Балаларға суретке мұқият назар аударып қарауға мүмкіндік береміз. Мұғалім одан әрі нағашы ағасының Цэцэнді сүйгелі жатқан суретін көрсетеді:


Сурет 7

*Бір күні нағашысы оны қатты құшақтап сүйеге тырысқандығын түсіндіріп айтамыз. (Сурет 7)*

Екі суретке жіті назар аударып, Цэцэнге қай кезде жағымды, қай кезде жағымсыз болғандығы туралы әңгімелесеміз. Ол өзі қаламаған кезде денесіне жолағандықтан, қатты құшақтап, ауыртқандықтан, сүйеге тырысқандықтан жайсыз, жағымсыз әсер пайда болды деген түсінікке тоқталамыз.



Қай кезде сендердің денелеріңе біреу жолағанда, жайлы, жағымды болады? - деп сұрап, ойларын тыңдаймыз. Төмендегі суреттерді пайдалана отырып, жағымды әсер туралы ұғым, түсініктерін нығайтуымызға болады. (Сурет 8-12)



Сурет 8



Сурет 9



Сурет 10



Сурет 11



Сурет 12

Ал қай кезде жайсыз, жағымсыз әсер пайда болады? Ондайда не істеу керек? деген сияқты сұрақтар арқылы әңгімелесіп, төмендегі суреттерді бір-бірден көрсетіп, жағымсыз әсерлер жайлы ұғым, түсініктерін толықтырамыз. (Сурет 13-16)



Сурет 13



Сурет 14



Сурет 15



Сурет 16

Балалардың берген жауаптарында дәрігерге қаралғанда жағымсыз әсерде болатындықтары туралы айтылмаса:

Дәрігер денеңнен ұстап, көрген кезде қалай болады? - деп сұраймыз. (Сурет 17)

Дәрігер балалардың денсаулығына алаңдап, аурудан алдын ала сақтандырып, емдейтіндіктен, жағымсыз болса да, оған қаралу керек екендігін айтып түсіндіреміз.



Сурет 17



## 2



### Менің денемдегі басқалар ұстауға болатын және болмайтын жерлер<sup>1</sup>

Сурет 18

Оқытушы балалардан: «Сенің денеңнің жасырын, аяулы жерлеріне біреу жоласа, саған қалай сезіледі?» - деп сұрап, шомылуға арналған киім киіп тұрған Цэцэн мен Мэргэннің суретін көрсетіп, неліктен қызыл немесе жасыл түспен белгіленгендігі туралы әңгімелеседі. (Сурет 18)  
Одан соң мұғалім балалардың денесіндегі қызыл түспен боялған бөліктерге ешкім де жолауға болмайтындығын, тек ғана ата-анасы суға түсіріп, жуындырған кезде, дәрігер емдеу үшін ғана жолауға болатындығын, ал жасылмен боялған жерлерге басқа адамдар жолауға, ұстауға болатындығын түсіндіреді.

Балаларға іш киім киіп тұрған ұл және қыз баланың суретін таратып береміз. Олар суретке дененің жолауға болатын, болмайтын бөліктерін қызыл және жасыл түсті қарындаштармен бояп белгілейді.

Балалар суретті бояп жатқан кезде, дененің қай жеріне жолауға болатын, болмайтындығы туралы қаншалықта түсінгендерін сұрап, түсінбегендері болса, қайталап айтып, егжей-тегжейлі түсініп, пайымдауларына көңіл бөлген жөн.



### 3

## «Қауіп дабылы» «Қасқыр мен лақтар» қозғалысты ойын

Бұл ойын адам денесінде қауіп белгісі (дабылы) қалай білініп, көрінетіндігін сезіндіру мақсатында ойналатындықтан, денешынықтыру сабағында жүрілетін күш-қайрат, жылдамдық, ширақтықты шыңдайтын ойындармен шатастыруға болмайтындығын ескеру керек.

### Құрал-жабдық:

Қасқырдың бетпердесі

### Әдістеме:

Көмекші мұғалім қасқырдың кебін киіп, балаларға көрінбей, тығылып отырады. Мұғалім балаларға лақ болып ойнауды тапсырады. Лақтар мұғалімнің нұсқауымен бөлме ішінде тарап, қыдырып жүреді. Кенет ырылдаған қасқыр шыға келіп, лақтарды ұстамақшы болып, қуалайды. Балаларды әрі-бері барынша жүгіртіп, 2-3 минут қуалап ойнайды. Қасқыр бөлмеден шығып кеткен соң, мұғалім балаларға оң қолдарын жүрек тұсына қоюды тапсырады.

### Сендердің ағзаларыңда қандай өзгеріс болды? - деп сұрап, әңгімелеседі.

Мұғалім адамда қорқыныш пайда болып, қауіп төнген кезде, жүрек қатты соғып, денесі қалтырап-дірілдеу, терлеу, іші бұрау, ауру қатарлы жағымсыз әсерлер пайда болатындығын, егер біреу сен қаламаған кезде, денеңе жолап, ауыртса, жайсыз әсер етіп, жақтырмасаң, мұғалімге, ата-ана, аға-әпкелеріңе айту қажет екендігін түсіндіреді.

Балалардан денелерінің қай жерлеріне жолауға болатындығын, қай жерлерге жолауға болмайтындығын сұрау арқылы түсінген, түсінбегендерін анықтаймыз. Егер жақсы түсінбеген болса, қайтадан айтып түсіндіреміз.

Ойын-жаттығуды 5-10 минуттан асырмай, сабақтың бір бөлігі ретінде жүргізген жөн.

## МҰҒАЛІМГЕ КЕҢЕС:

Сабақты ұйымдастырғанда, бұл тақырыптық топтаманың «Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасындағы» «көңіл толқынысын, әсерленуін, ашу-ызасын (басқаны ренжітпеу, қаталдық танытпау) дұрыс жеткізу» білігін қалыптастыруға көмек қолдау болатындығын ескеріңіз.

Егер достарымен ренжісіп, ашуланса, қандай жағдайда да оның денесіне қол тигізуге болмайды дегенді балаларға жақсы түсіндіріңіз. Досын ұрып-соғу, тебу, жылату сияқты әрекеттерге барған балаларға арнап «Тыныштандыру бұрышын» жасап, тынышталып, сабырға келетін орта қалыптастырыңыз.

Балалардың дененің қай жерлеріне жолауға болатын, болмайтындығы туралы түсініктерін нығайту үшін «Дәрігер», «Отбасы» тақырыбындағы ойындардан балалармен бірге таңдап, бірге ойнаңыз.

«Менің денем - менің ғана денем» тақырыбының мазмұнын бекітіп, пысықтауда №3-5 дамыту ойындарын ойнатыңыз.

## Дамыту ойыны №3: «Мен қандай жағдайды бастан өткіздім?»

### Мақсаты:

Көңіл күйін, тебіреніп, толғануын білдіріп, жеткізуді, басқаның тебіреніп, толқуын түсінуді үйрену; Ым, ишарат, белгілерді, бет-әлпеттегі құбылыс, өзгерістерді (мимика) байқап, бақылап, айырмашылығын сезіну, үйрену.

Сурет 19

### Әдістеме:

Балалар шеңбер жасап тұрады. Жетекші болған бала шеңбердің шетіне, барлық балаға көрінетін жерде тұрады.

**«Мен бүгін осындаймын»** - деп, қандайбір көңіл күй, әсерін бет-әлпетімен, денесімен ишарат жасау арқылы көрсетеді.

Мысалы: «Мен бүгін осындаймын» - деп, 2 қолын екі жаққа жайып, күлімсіреді.

Балалар оның қандай көңіл күйде екендігін айтады. (Қуанышты, көңілсіз... деген сияқты)

Осылайша барлық бала жетекші болып біткенше, ойын жалғасады.

Бұл ойынды шағын топтар арасында жүргізу нәтижелі болмақ. Сонымен қатар, таңертеңгілік қабылдау кезінде, кешке тарардың алдында ойнау тиімді.



## Дамыту ойыны №4 «Жақсы ма? Жаман ба?»

### Ойынның мақсаты:

Басқалардың мінез-құлқын түсіну, ой-пікірін, көңіл күйін жеткізу білігін қолдау.

### Құрал-жабдықтар:

Суреттер (Мұғалім жақсы, жаман қарым-қатынастарға мысал болатын суреттер мен қосымша карттар, электрондық нұсқадағы көрнекіліктер пайдалануына болады.)

### Нұсқа 1 (Аға топқа)

Мұғалім ойын ережесін түсіндіреді.

Үстел үстіндегі суреттерден (Сурет 19-24) бір суретті таңдап алып, балаларға көрсетеміз. Егер ол «жолауға болатын» әрекетті көрсететін сурет болса, балалар жағымды әсердің белгісі ретінде басбармақтарын көтеріп, «болады» дейді.

Мұғалім келесі суретті көрсеткенде, онда «жолауға болмайтын» әрекет бейнеленген болса, балалар жағымсыз әсердің белгісі ретінде шынашақтарын көтеріп, «болмайды» дейді.




Сурет 21



Сурет 20



Сурет 22



Сурет 23



Сурет 24



Сурет 25

## Нұсқа 2 (Дайындық тобына)

Балалар екі-екіден қатарласып тұрады. Мұғалім суретті карттың бірін көтеріп көрсетеді. Егер онда «жолауға болатын» әрекет бейнеленген болса, балалар өзара қол алысып, дос болады.

Ал егер мұғалім көрсеткен суретте «жолауға болмайтын» әрекет бейнеленген болса, балалар арқаларын тіресіп, ренішті көңіл күйді білдіреді.

## Дамыту ойыны №5

### «Мен қандай жағдайды бастан өткіздім?»

#### Мақсаты:

Өзінің жақтыратын, жақтырмайтын нәрсесін, ой-пікірін білдіруді, қорғауды үйрену;

Басқалардың көңіл күйін сезініп, түсінуді, оған жауап әрекет жасауды, басқалармен дұрыс қатынасуды үйрену.

#### Құрал-жабдықтар:

Ойынға қатысушы балалардың санына сәйкес қысқыш, бет-әлпеттегі құбылысты бейнелейтін суретті карттар (Сурет 25)

#### Ойын тәртібі:

- 1 Әркім өзінің басындағы картты көрмейді.
- 2 Өзінің кезегін күтеді.

#### Әдістеме:

Ойынға 8-10 бала қатысады. Балалар қысқышты тағып, бір-бірлеріне қарама-қарсы қарап, 2 қатар болып тұрады.

Мұғалім бет-әлпеттегі құбылыстарды бейнелейтін суретті карттарды балалардың басындағы қысқышқа орналастырады. Балалар қарсы тұрған баладан «Мен қандай жағдайды бастан өткіздім?» деп сұрайды. Қарсысында тұрған бала досының бет-әлпетіндегі құбылысқа қарап, оған не болғанын өз ойымен айтып береді.

Сұрақ қойған бала жауапты естіген соң, сөзбен немесе мимикамен білдіреді.

Сурет 25



# САБАҚ 3:

## МЕНИҢ ДЕНЕМЕ ҚАТЫСТЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

### **Оқыту мақсаты:**

Өзінің денесіне қатысты қауіпсіздік ережелерімен танысу;  
Балалар өздері тап болған күрделі мәселелерді сенімді адамдарға айтып, көмек алып үйрену;  
Өзін-өзі қорғаудың қарапайым жолдарын үйрену.

### **Құрал-жабдықтар:**

- Бетперде (бейтаныс адам)
- Суретті көрнекілік (15-20 дана)
- Камишибай театр
- «Никитаға кездескен жағдай» әңгімесі бойынша суреттер.

# Іс-әрекет реті:

## Сенімді адамдар

1: Балалар дөңгеленіп, шеңбер жасап отырады. Мұғалім өзі бетперде киіп, бейтаныс адамның рөлінде ойнайды. Ол балалардан «Мен кімін?» деп сұрайды.

Балалардың жауаптарын тыңдап, сол бойынша әңгімелесеміз. Бетперденің әр жағында жақсы адам болуы да мүмкін, жаман адам болуы да мүмкін. Бетперде дегеніміз біз танымайтын адам деген сөз. Сондықтан бейтаныс адаммен абайлап, байқап қатынасу қажет екендігін балаларға айтып түсіндіреміз.

Сурет 26

Одан кейін мұғалім Мэргэннің мұңайған суретін көрсетіп, төмендегі сұрақтарды сұрай отырып, әңгіме өрбітеді. (Сурет 26)

- Мэргэн неге мұңайып тұр?  
- Оған не болуы мүмкін?  
- Мэргэнге не болғанын біз қалай біле аламыз?  
Мэргэн өзі айтпаса, оған не болғанын біз біле алмайтынымызды, сондықтан оған көмектесе де алмайтынымызды түсіндіреміз. Мұны түсіндірген соң, мұғалім қайтадан бетпердесін киіп:

- Мэргэн өзіне не болғанын мына адамға (бетперде киген адамға) айтуына бола ма? - деп сұрайды.

Мұғалім:

- Егер сен досыңмен ренжісіп қалсаң, келеңсіз жағдайға тап болсаң, кімге айтар едің?  
- Егер біреу сенің жасырын жерлеріңе тиіссе, сен кімге айтасың? Неліктен ол адамға айтасың?

Балалардың айтқан жауаптарына қосып, полицияға, әлеуметтік қызметкерге<sup>2</sup>, 108<sup>3</sup> нөміріне хабарласуға болатындығын айтып береміз. (Сурет 27)

Әке, шеше, аға, әпке

Әже, ата

Мұғалім

Полиция

Әлеуметтік қызметкер

Сенім артуға болатын басқа адамдар

Бұл адамдарды сенімді адамдар дейміз. Өйткені бұл адамдар сені қорғайды, біреу қиыншылыққа тап болса, көмек қолын созуға дайын тұрады.



Сурет 27



<sup>2</sup> Әлеуметтік қызметкер дегеніміз сұмын/аудан, мектепте балаларға көмектесу қызметін атқаратын маман.

<sup>3</sup> 108 нөмірі - кез келген ұялы телефонмен тегін хабарласуға болатын нөмір. Әрі онда балаларға көмектесетін аға, әпкелер жұмыс істейтін болғандықтан, қоңырау соғып, көмек сұрауға болады.

## 2: Құпия сыр

### «Никитаға кездескен оқиға»<sup>3</sup>

Оқытушы балаларға «Никитаға кездескен оқиғаны» Камишибай<sup>4</sup> әдісі арқылы рөлмен оқып, таныстырады.

*Мен сіздерге Никитаға кездескен бір оқиғаны баяндап берейін. Никита достарымен бірге әрі-бері жүгіріп ойнағанды жақсы көретін, өте ширақ бала еді. Анасы үйдегілерді тамақ ішуге шақырғанда, ол үстел басына ең алдымен келіп отыратын. Бірақ сол күні ол үйге күндегісінен ерте келіп, терезеден көшеге телміріп, мұңайып отыра берді.*

### **Мұғалім балалардан: «Балаға не болуы мүмкін?», «Сендер қалай ойлайсындар?» деп сұрап, әңгімелесе отырып, оқиғаны әрі қарай жалғастырып оқып береді.**

*Аздан соң анасы барлығын кешкі асқа шақырды. Никита «қарным ашқан жоқ» деп, дастарқан басына келмеді. Анасы оны «ауырып қалған болар?» деп ойлап, төсегіне жатқызып, таңқурай шайын дайындап берді. Бірақ Никита ұйықтай алмай, дөңбекши берді. Ақыры төсегінен тұрып, тағы да терезе алдына барып, ойға батып отырды.*

*Никита «...Сен неге мұңайып отырсың?», - деген қарлыққан дауысты естіді. Ол селк етіп, дауыс шыққан жаққа қарап еді, терезенің алдында бір үлкен Үкі отыр екен. Ол аяғын айқастырған қалпы, балаға жақындай түсіп, оған аса мұқият қарап:*

- Сонымен саған не болды? - деп сұрады.
- Сен кімсің?
- Мен Кәрі құспын. Мен тек мұңайған балалардың ғана жанына ұшып келемін. Сондықтан сенің қасыңа келдім. Сонымен сен неге мұңайдың?
- Аа, мен...- Никита тағы да мұңая күрсінді.
- Егер сен маған не болғанын айтсаң, мен саған көмектесе аламын.
- Сен маған көмектесе алмайсың. Өйткені мен сырды сақтауға уәде бергенмін, - дегенді Никита ақырын, сыбырлап қана айтты.
- Сонда сен сол сырдан болып, тамақ іше алмай, ұйықтай алмай жүрсің бе?
- Иә.
- Жақсы сыр сені уайымға салмайды. Олай болса, сен жаман сыр сақтап жүр екенсің. Тек жаман, нашар құпия ғана баланы қинайды. Ал жақсы адамдар балалардың жаман сырды сақтақтағандарын қаламайды. Содан Никита Кәрі құсқа құпиясын айтуға бел буды.

*«Біз ойнайтын алаңға анда-санда бір ағай келетін. Ол бізбен машина, велосипед жайында әңгімелесіп, бізге үнемі кәмпит үлестіретін. Бүгін ол тағы да келді. Әдеттегісінше бізге кәмпит ұсынып, «қызықты нәрсе көрсетемін» деді. Дима екеуіміз оған еріп баруға келістік. Әлгі ағай екеуімізді ешкім жоқ бір құрылыстың бұрышына ертіп апарып, біздің денеміздің «құпия бөлігіне» тиісті. Дима жылай бастап еді, ағай бізге: «Екеуің өздерің кінәлі болғандықтан, сендерге ешкім де сенбейді. Сондықтан ешкімге айтпаңдар!», - деп ұрысты.» - деп, Никита жылап жіберді.*

*Кәрі құс балаға таяп келіп:*

- Жарайды. Балам, сырыңды маған айтқаның өте жақсы болды. Кейбір үлкен адамдар балаларға жамандық жасап алып, онысын өздері жасырғылары келеді. Сен бала болғандықтан, сенің ешбір кінәң жоқ. Сені алдаған үлкен адам ғана кінәлі. Мұндай сырды ешқашан сақтауға болмайды. Қандайбір сырды сақтау саған қорқынышты әрі мұңлы сезілсе, бұл туралы өзің сенетін жақын адамдарыңа міндетті түрде айтуың керек. Ол адамдар сенің әке-шешең, мұғалімің, ата-әжең болуға болады.
- Олар маған ұрысса қайтемін?
- Никита, сен шындықты айтып, көмек сұрауың керек. Олар саған ұрысса, сені мұқият тыңдап, көңіл бөлетін келесі бір адамды міндетті түрде табуың керек.

*Никита біраз ойланып отырды да:*

- Саған рақмет. Мен анама айтамын, - деп жүгіре жөнелді.

<sup>4</sup> Методические рекомендации для родителей, воспитателей и психологов к брошюре “Я могу защитить себя”, Екатеринбург 2013, 20-р тал

<sup>5</sup> Камишибай - куыршақ театрының үстелде ойналатын әдісі, ол Жапонияда білім беруге арналған іс-шараларда кеңінен қолданылатын әдіс болып табылады.



Мұғалім Никитаның Үкімен бірге тұрған суретіне тоқталып:

- Никита анасына айтты ма екен? - деп сұрайды. Балалардың жауаптарын тыңдап, әңгімелесе отырып, соңғы бетте берілген суреттегі Никитаға не болғанын бәрі бірге көреді.

- Никита неге мұңайды?

- Никита болған жағдайды анасына неге айтпады?

- Егер Никитаның басында болған жағдай саған кездесе, бұл туралы кімге айтар едің?

Балалардың жауаптарын мұқият тыңдап, әңгімелесеміз. Жаман нәрсені жасырған адам қуанышты, бақытты бола алмай, қиналып жүреді. Егер біреу: «Құпия сақта. Ешкімге де айтуға болмайды.» - деп ескертсе де, сақтауға болмайтынын балалар түсінген болса, олардан «Олай болса не істеген дұрыс?» деген келесі сұрақты сұраймыз.

Балалар «мұғалім, полиция, дәрігер, 108 нөміріне айтамыз» деп жауап бере алатын, алмайтындығын байқап, айта алмаса, алдында көрсеткен суреттерді қайтадан көрсетіп, «мына адамдарға айту керек пе, жоқ па?» дегенді анықтап сұрап, естеріне саламыз.

Сурет 28



### 3: «Менің денемнің қауіпсіздігіне қатысты 3 ереже»

#### ЕРЕЖЕ БІР: «ЖОҚ! ДОҒАР!» ДЕП ҚАТТЫ АЙҚАЙЛА!


- Біреу сенің денеңнің қай жерлеріне жолауына болады?

Денеңнің қай жеріне жолауға болады, қай бөлігіне жолауға болмайтындығы туралы қайтадан әңгімелесіп, ойын ережесін түсіндіреміз.

(Сурет 29)

Мұғалім суреттегі қызыл және жасыл түспен белгіленген жерлерді кезек-кезек көрсетеді. Жасылмен боялған жерді көрсеткенде, балалар «жолауға болады» деп ойлайтындарын шапалақ соғу арқылы білдіреді. Ал қызыл түспен дөңгелектеп белгіленген жерлерді көрсеткенде, «жолауға болмайды» деп көріп, «**Жоқ! Доғар!**» деп қатты айқайлайды. Бірнеше рет қайталап ойнаған соң, мұғалім 1-ережені түсіндіріп айтып береді. (Сурет 30)

Сурет 29



Шомылдырып, жуындырудан, емдеуден басқа жағдайда сенің денеңе ата-анаңнан, дәрігерден басқа ешкімнің де жолауына болмайды. Егер жоғарыда айтылғандардан басқа біреу сендерге кәмпит, сыйлық беруге, ертіп кетуге немесе денеңнің «жолауға болмайтын» жерлеріне тиісуге тырысса, «**ЖОҚ!, ДОҒАР!**» ДЕП ҚАТТЫ АЙҚАЙЛА!  
**Бұл - 1-ереже.**

Балалар барынша өздеріне сенімді болып, қатты айқайлап үйренулері керек болғандықтан, балаларды бақылап, қайталатып айтқызып үйретеміз.

Сурет 30



### ЕРЕЖЕ ЕКІ: «ҚАШЫП КЕТ»

Мұғалім балаларға Мэргэн мен Цэцэнге кездескен оқиғаны әңгімелеп береді. (Сурет 31)

*Мэргэн мен Цэцэн сыртта құмда ойнап жүрді. Кенет қастарына танымайтын ағай келіп, екеуіне «басқа жерге барып, бірге ойнайық» деді. Мэргэн қаша жөнелді, Цэцэн қорыққанынан жылап тұра берді.*

- Мэргэн мен Цэцэн қандай қылық көрсетті?
- Егер сен болсаң, қайтер едің?
- Кім дұрыс істеді?
- Танымайтын біреу келіп, сенімен сөйлеспекші болса, сен не істеуім керек деп ойлайсың?

Мұғалім осы кезде балалардың көбі «қашып кетемін» деп айта алды ма, жоқ па, кім қашып кету керектігін білмей отыр дегенді бақылай отырып, екінші ережені түсіндіреді.

Сурет 31



9

Танымайтын адам немесе күдікті, жағымсыз сезілген біреу саған кәмпит, сыйлық беруге, ертіп кетуге немесе денеңнің «жолауға болмайтын» жерлеріне тиісуге тырысса, адам көп жүретін немесе қауіпсіз саналатын жерге қарай **ҚАШ!!!**

**Бұл - 2-ереже.**

Жылау мәселені шешудің тиімді жолы емес болғандықтан, мейілінше тез алыстап, қашып кету керек.

- Сонымен, өздерінді қорғау үшін сендер не деп айтатын болдыңдар? Кәне, қатты айтыңдар. - деп сұрау арқылы қайталатып, басқаларға естілетіндей қатты, ашық, айқын дауыспен айтып үйренулеріне баса назар аударамыз.

### ЕРЕЖЕ 3: «СЕНЕТИН АДАМДАРЫҢА АЙТ»

Өзіңе және достарыңа қауіп төнсе, **СЕНУГЕ БОЛАТЫН АДАМДАРҒА АЙТ!!!**  
**Бұл - 3-ереже.**

Немесе балаларға көмектесетін 108 нөміріне қоңырау соғуға болады.

Сурет 32



10

Бұл - «1,0,8» деген үш санды терсең, саған және достарыңа көмектесе алатын сенімді адамдар бар деген сөз. (Сурет 32)

Мұғалімнің беретін қосымша түсініктемесі:

Балалар, бәріміз бірге Никитаға кездескен жағдайды еске түсірейік. Никита мен Димаға жамандық жасаған адамды ол екеуі танытын ба еді?

Балалар «танытын болатын» деп жауап берсе, «Балалар, ол ағай ойын алаңына анда-санда келіп жүретіндіктен, таныс адам болатын. Олай болса, кейбір танытын адамдар да балаларға жамандық жасауы мүмкін екен. Сондықтан өзіңе жайсыз, жағымсыз, күмәнді сезіліп тұрса, танытын адам болса да, «Жоқ, доғар!» деп айқайлап, «Қашып», бұл туралы «Сенуге болатын» адамдарға айтыңдар» - деп қосымша айтып, түсіндіреміз»

## МУҒАЛИМГЕ КЕҢЕС:

### 1

Жоғарыдағы іс-шаралар «Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасындағы» «өзін сезіну, түсіну», «адамдардың өзара айырмашылықтарын түсіну, оған құрметпен қарау» қатарлы біліктерді игертуде қолдау, көмек болатындығын ескере отырып, жүргізетін жұмыстарыңызды кеңейтіп, толықтырып ұйымдастырыңыз.

### 2

«Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында» мұғалімнің міндеті мен қатысымы төмендегідей көрсетілген:

- Баланың өзін-өзі қорғауына, істеген ісін түсіндіруіне мүмкіндік береді.
- Баланың көңіл күйі қалыпты болмаған кезде, оны тыңдап, құшақтап, еркелетіп, мейірім, сүйіспеншілікті сездіреді.
- Балаға кездескен қандайбір мәселе оған қауіп төндірмесе, өзі шешуге тырысуы керек екендігіне кеңес беріп, қолдайды, ой салады, қиындықты жеңіп шығатынына сендіріп, жігерлендіреді.
- Адамдардың табиғатпен, өмір сүріп отырған ортамен мейіріммен немесе қатыгездікпен қатынасуын, оның нәтижесі мен салдарын ертегілер, түрлі шығармалар, үн, бейне жазбалар, суреттер арқылы түсіндіреді.

### 3

«Менің денеме қатысты қауіпсіздік ережелері» тақырыбының мазмұнын пысықтап, бекіту үшін, төменде берілген дамыту ойындарынан (№6-9) балалардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдап алып ойнатамыз.



# Дамыту ойыны №6

## «Сенімді адамдар»

### Мақсаты:

Балалар сенуге болатын адамдар туралы біліп, өзіне кездескен қандайбір жағдай немесе мәселені осы сенім артуға болатын адамдарға хабарлап, айтуды үйрену.

### Нұсқа 1:

Мұғалім балалардан кімнің әке, шеше, полиция, әлеуметтік қызметкер, 108 нөмірі, мұғалім, дәрігер рөлінде ойнағысы келетінін сұрап, пікірлерін тыңдайды. Қажетті құрал-жабдықтарды үстелге қойып, әзірлейді. Балалар өздері таңдаған рөлге қажетті бетперде, киім, құралдарды алып, киіп, басқа балалардың алдына жарты шеңбер жасап тұрады. Мұғалім балалардан кім қайда тұрғанын сұрауға болады. Ойынға қатысушы әке, шеше, полиция, мұғалім, дәрігер, тағы басқаларды танып білу маңызды болғандықтан, кейіпкерді айқындап, танытатан құрал-жабдықтарды жақсы дайындау қажет.

Балалар, мұғалімнің қойған сұрағын мұқият тыңдап, ойланып, өздерің таңдаған адамның қасына барып тұрыңдар.

### Сұрақ:

Сен жақсы дос таптың, бұл қуанышыңды кіммен бөлісесің?

Егер досың сені ойыншығыңды бермедің деп ұрса, сен кімге айтасың?

Егер біреу сенің денеңнің жоламауға тиісті жеріне жолап, тиіссе, бұл турал кімге айтасың?

Сыртта ойнап жүргеніңде танымайтын апай келіп, «сүйкімді күшік көрсетемін, жүр» десе, еріп барасың ба? Бұл туралы кімге айтасың? (Мұғалім сыныптағы болып жатқан жағдайға, сол кездегі ортаға сай сұрақтар қосып сұрауға болады.)

Балалар сұрақтарды тыңдап, бетперде киген балалардың ішінен біреуін таңдап, сол баланың қасына барып, қолынан ұстап тұрады. Неліктен соны таңдағанын түсіндіріп айтып береді.

### Құрал-жабдықтар:

- Полицияның бас киімі
- Дәрігердің бас киімі, тыңдауыш
- Атаның сақалы
- Әженің орамалы
- Ананың көйлегі
- Әкенің жейдесі деген сияқты рөлде ойнауға қажетті заттар дайындалады.

### Нұсқа 2:

Бұл адамдарды одан сайын жақсы танып, білу үшін, олардың ерекшелігін танытатын түрлі суреттер көрсетуге болады. Мәселен,

Полицияның бас киімі, Дәрігердің бас киімі, тыңдауыштың орнына дәрігердің халады, бас киімі, Атаның сақалының орнына бурыл шаш, Әженің орамалының орнына таяқ деген сияқты әртүрлі суреттерді ауыстырып көрсету балалардың оларды жақсы танып білу мүмкіндігін арттырады. Балалар полицияның бас киімін әскери офицердің немесе төтенше жағдайлар қызметкерінің бас киімімен шатастыруы мүмкін деген сияқты жан-жақты қарастырып, ойластыру маңызды.

### Нұсқа 3:

«Отбасы» мультфильмдер топтамасы мен камишибай театрын пайдаланып, қойылым әзірлейміз. Балалар кезектесіп сұрақтар қойып, оған жауап беру арқылы бір-бірлерінен үйренулеріне мүмкіндік туады.

Сурет 32




## Дамыту ойыны №7 «Мен сенетін адамдар»

### Нұсқа 1:

Балалар сызық бойымен қиып, ойыншықтарын әзірлейді. Құрастырып болған соң, сенім артатын адамдар кімдер екенін атайды.


Сурет 33



### Нұсқа 2:

Барлық балаға құрастырма ойыншық пішіндес жазықтық сурет беріледі. Әр бала жазықтықтың ортасына өзінің, айналасындағы торақкөздердің әрбіреуіне бір-бірден сенетін адамдарының суреттерін сызады. Содан соң, сызық бойымен қиып, құрастырма ойыншық болдырып, құрастырып ойнайды.

Сурет 34



### Қорытынды:

Саған қандайбір қауіп-қатер төнсе, хабарлап, көмек сұрайтын ең сенімді адамдарың сенің отбасыңның мүшелері болып табылатын әке-шеше, ата-әже, аға-әпкең және мұғаліміңмен бірге, полиция, дәрігер, әлеуметтік қызметкер, 108 нөміріндегі аға, апайлар болады.

## Дамыту ойыны №7 «Кімге айтамын?»

### Мақсаты:

Бала өзіне кездескен мәселені шешу үшін дұрыс адамға хабарласып үйрену.



### Құрал-жабдықтар:

Шығыршықтың тағаны, парақша суреті, сенімді адамдардың суреттері, қайшы, желім, телефон.

Мұғалім ортаға сәйкестіріп, мәселені алдын ала әзірлейді. Мәселелер балалар ортасында жиі ұшырасатын қауіп-қатер, қиындықтарға байланысты болады. Мұғалім балаларға сұрақ қойған соң, оларға ойлануға уақыт беріп, сенімді адамдардың ішінен дәл кімге айтуы керектігін таңдауына мүмкіндік жасайды.

Ойынды көп нұсқада, түрлендіріп ойнауға болады. Аға топтағы балалар суреттерді қиып, өз таңдаулары бойынша жапсырады. Мұғалімдерімен бірге шығыршықтарды өзара қосып, байланыстырады.

Дайындық тобының балалары сенетін адамдарының суреттерін өздері сызып, шығыршық жасап ойнайды.



## Үйрету ойыны №9 «Телефон тұтқасы»

### Мақсаты:

Телефонмен дұрыс, мәдениетті сөйлесу білігін шыңдау.  
Балалар қатты қағазды пайдаланып, ұялы телефон жасайды.

Және көмек сұрайтын телефондардың нөмірлерін белгілеп бояп, өзара телефонмен сөйлесіп ойнайды.

Сурет 35



# САБАҚ 4:

## «МЕН ӨЗІМДІ ҚОРҒАЙ АЛАМЫН»

### **Мақсаты:**

Балалар қауіпсіздік ережесін әзірлеуге қатысу,  
ережені ұстану;

Өзін қорғап үйрену;

Қауіп-қатерге тап болған жағдайда, кімге, қалай  
хабарласу керектігін біліп алу;

### **Құрал-жабдықтар:**

Суретті көрнекіліктер 20-27



## Іс-әрекет реті:

### 1: «Бейтаныс адам»

Бұл бөлімде балалар жақсы білетін ертегілерді пайдалана отырып, әңгімелесеміз. Әрбір ертегіден кейін қорытынды жасап отырамыз. (Сурет 36-38)

Мұғалім ертегі суреттерін көрсетіп, әңгімелейді.

– Балалар, Бауырсаққа не болатын еді?

– Неге мұндай қауіпке тап болды? Қорытынды: Бауырсақ түлкінің қу екенін білмеді. Балалар, сендер де үйлеріңнен алысқа жалғыз қыдырмаңдар.

- Лақтар қандай қателік жасады?

- Олар қауіп-қатерге ұрынбайтындай мүмкіндік болды ма?


Қорытынды: Үлкендер «Есікті ашпа» деген болса, ешкімге де есікті ашудың, ешкіммен де сөйлесудің қажеті жоқ.

### Мұғалім:

– Олай болса, Қызыл кепешті қыз неге қатерге тап болды, сендер қалай ойлайсыңдар?

Қорытынды: Танымайтын адаммен сөйлесуге, үйдің қайда екенін айтуға болмайды.

Сурет 36



Сурет 37



Сурет 38



## 2: Тапқырлық

- Құлын неге мұндай қауіпке тап болды?
- Ол қалай құтылды?

Ақылды қоян тапқырлығының арқасында құлын досын құтқарып қалды. Басқа қандай ертегінің кейіпкерлері қандай қауіп-қатерден қалай құтылғандығы туралы сұрап, әңгімелесеміз. «Маша мен Маймақ» ертегісіндегі Маша қыз ширақ, жігерлілігінің арқасында қашып құтылады... тағы басқа.

Балалар, құлын қоян мен қасқырды бұрыннан танытын ба еді? Балалар «жоқ» деп жауап береді. Бірақ қоян оған көмектесті, ал қасқыр оған жамандық жасамақшы болды. Сондықтан танымайтын адамдардың ішінде де жақсы, жаман адамдар бар екенін үнемі есте сақтап жүріңдер. Танымайтын адамдар, үлкен адамдар балалардан албаты көмек сұрамайтындығын ескерту қажет.

«Ертегі кейіпкерлері қауіпке ұрынбауға болатын ба еді? Олай болса, бізге қандайбір қауіп-қатер төнуі мүмкін бе? Қауіп-қатерге ұшырамас үшін барлығымыз бірге тапқыр, ұтымды әдістер ойлап табайық.» - деп, балалармен бірге ереже әзірлейміз Кішкентай балалар ережеге бағынғанды жақсы көреді. Егер ережені өздерін қатыстыра отырып әзірлеп, құрастырсақ, тіпті белсенді орындайды.

Сурет 40



## Тиімді әдістер туралы әңгімелесейік:

Балалардың ой-пікір, бастамаларын тыңдаған соң, төмендегі суреттерді кезек-кезек шығарып қоямыз. (Сурет 40-43)

Сурет 40



Танитын, танымайтын - қандай адамнан да ешбір нәрсе, сыйлық, кәмпит, алмау керек.

Сурет 41

Таныс, таныс емес - қандай адам да сенің денеңнің жасырын жеріне «жолайтын» болса, «Қауіпсіздіктің 3 ережесін» есіңе түсіріп, сол бойынша әрекет ет.

Сурет 42



Ата-анаңның рұқсатынсыз ешкімге есік ашпау керек.

Сурет 43

Танитын, танымайтын - қандай адам да сені ұрып-соқса, тағы да «Қауіпсіздіктің 3 ережесін» есіңе түсіріп, сол бойынша өзіңді қорғауға әрекет ет.





## МҰҒАЛІМГЕ КЕҢЕС:

### 1

Кішкентай балалар ережеге бағынғанды жақсы көреді. Егер ережені өздерін қатыстыра отырып әзірлеп, құрастырсақ, тіпті белсенді орындайды. Сондықтан жүргізетін жұмыстарыңызды ұйымдастырғанда, жоғарыдағы іс-шаралар *«Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында»* берілген «тәртіп-ережелерді түсіну, ұстану» деген арнайы білікті игертуге қолдау, көмек болатындығын ескеріңіз.

### 2

*«Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасында»* мұғалімнің міндеті мен қатысымы төмендегідей көрсетілген:

- Баланың басқалармен қатынасуына арналған дамыту шараларын ұйымдастырады.
- Баланың *«неге?»* деген сұрағын қолдап жауабын баламен бірге іздеп табуға міндетті. Мұғалім осы анықтамаларды ескере отырып, іс-қызметін кеңейтіп, толықтыра алады.

## Дамыту ойыны №10

### «Есікті кімге ашу керек?»

Барлық балаға жаттығу парағы, қызыл түсті қарындаш беріледі. Парақты үстел үстіне төмен қаратып, аударып қоямыз. Мұғалім балаларға мұқият қарауды ескертіп, Цэцэннің отбасының суретін 30 секунд көрсетеді.

Сосын суретті жасырып:

Сурет 44



«Бұл - Цэцэннің отбасы. Цэцэн үйде жалғыз отырғанда, есікті кімге ашуы керек? Есік ашуға болмайтын (бейтаныс) адамдардың суретін чагтмен белгілеңдер.» деген тапсырма береді.

Балалар танымайтын адамдардың суретін тауып, чагтмен белгілейді.

Сурет 44



## Дамыту ойыны №11

Балалар жедел жәрдем телефондарының нөмірлерін бояу арқылы қоңырау соғып, нөмірлерді есте сақтап, жаттап алады



102



103



101



108

Сурет 44



## Дамыту ойыны №12

### «Қызыл кепешті қыз қайда барады?»

#### Құрал-жабдықтар:

Ойынның суреті, көшуге арналған 2 дана ойыншық (қуыршақ, асық, шахматтың баласы болуға болады), 1 дана кубик.

#### Іс-әрекет:

Балалар екі-екіден жұп болып, «Сіз ашуланбаңыз» ойынының ережесі бойынша, әжейдің үйіне жету үшін жол бойы 20 аялдамадан өтеді. Жолда аңшы, әже сияқты жағымды кейіпкерлер, қасқыр сияқты жағымсыз кейіпкер кездеседі. Кедергілерді жеңіп, әжейге жету керек.

#### Ойын тәртібі:

1. 2 бала ойнағанда, кубикті кезектесіп иіреді.
2. Ойын көшегі жасыл түспен боялған сандарға (3, 7, 8, 16 сандары) дөп келсе, **«қайда бара жатқанымды қасқырға айтқан жоқпын»** - деп есептеп, стрелка бойынша төте жолмен жүреді.
3. Қызыл түсті сандарға (6, 15) дөп келсе, **«қайда бара жатқанымды қасқырға айтып қойғандықтан»**, стрелка бойынша кері қайтады. Басқа сандарға дөп келсе, төтелемей немесе кері шегінбей, қалыпты жолмен жүріп, ойынды жалғастырады.
4. Әжейдің үйіне алдымен жеткен ойыншы жеңімпаз болады.

